

Заңды тұлғаларға және кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларға қаржыландыру ұсыну бойынша стандартты шарттар¹

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Стандартты шарттар Банктің және Клиенттің (бұдан әрі бірлесіп – Тараптар, ал жеке – жеке-Тарап) тәртібін, талаптарын айқындайды, сондай-ақ құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және "First Heartland Jusan Bank" акционерлік қоғамы заңды тұлғалар мен кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларға қаржыландыруды ұсынатын кезде Банк пен Клиент арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін белгілейді.

1.2. Стандартты талаптар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының талаптарына сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады, бұл ретте Қаржыландыру шарты мен Стандартты талаптар бірыңғай құжат ретінде ғана қаралады, Қаржыландыру шартының өзінде өзге талаптар көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиент қаржыландыру шартын жасасу арқылы қабылдауы мүмкін.

1.3. Қаржыландыруды ұсынудың жеке талаптары Клиент пен Банк арасында жасалатын Қаржыландыру шартында айқындалады.

1.4. Қаржыландыру шартында Стандартты шарттарда көзделмеген қосымша шарттар/ережелер/құқықтар мен міндеттер қамтылуы мүмкін.

Стандартты талаптарда көрсетілген, Клиентке қолданылатын барлық ережелер тең дәрежеде Бірлесіп алушыларға қолданылады.

1.5. Егер Қаржыландыру шартында Стандартты шарттардың ережелерінен өзгеше өзге ережелер белгіленген жағдайда, Қаржыландыру шартының ережелері басымдыққа ие болады.

1.6. Қаржыландыру шарты Стандартты шарттарға қосылу туралы өтініш болып табылады және олардың әрқайсысы бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады.

1.7. Мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Қаржыландыруды ұсыну шарттары: Қаржыландыру шартын жасасу күні, мақсаты, сомасы, валютасы, қаржыландыру мерзімі, сыйақы мөлшерлемесінің түрі, өтеу әдісі, негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлегені үшін тұрақсыздық төлемін (айыппұлды, өсімақыны) есептеу тәртібі және оның мөлшері, комиссиялардың және өзге де төлемдердің толық тізбесі, сондай-ақ олардың мөлшері, негізгі борыш пен сыйақыны өтеудің тәртібі және кезеңділігі және Қаржыландыру шартының қолданылу мерзімі Қаржыландыру шартында айқындалуы мүмкін.

1.8. Банк туралы толық ақпарат: А26F8T9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242-үй, БСН 92014000084, ҚР ҰБ-тағы ЖСК KZ48125KZT1001300336, БСК TSESKZKA, БЕК 14, ресми интернет-ресурс – www.jusan.kz; e-mail: info@jusan.kz.

2. Терминдер, олардың анықтамалары мен қысқартулары.

2.1. Егер Қаржыландыру шартында өзгеше тікелей айтылмаса, Қаржыландыру шартында, Стандартты шарттарда пайдаланылатын бас және кіші әріппен жазылған терминдердің мынадай мағыналары бар:

Аккредитив – қалай аталса да немесе белгіленсе де қайтарымсыз болып табылатын және сол арқылы эмитент банктің тиісті ұсыну бойынша міндеттемесін орындауының нақты міндеттемесін білдіретін кез келген келісім, немесе аккредитивтің барлық талаптары сақталған жағдайда (аккредитив шарттарының Стандартты шарттардың 4.11-тармағына, Қаржыландыру шартына бағыныстылығына байланысты) Клиенттің өтініші бойынша және нұсқаулықтарына сәйкес немесе Қаржыландыру шарты шеңберінде өз қалауы бойынша көрсетілген бенефициарға аккредитивте көзделген құжаттарға қарсы белгіленген мерзімде төлем жүргізу туралы қабылданған Банктің (Эмитент банктің) қайтарып алынбайтын міндеттемесін көздейтін құжаттамалық есеп айырысу формасы;

Активтер – болашақта экономикалық пайда алу күтілетін өткен оқиғалардың нәтижесінде Клиент бақылайтын ресурстар;

Банк – "First Heartland Jusan Банк" акционерлік қоғамы, оның филиалдарын қоса алғанда;

Кредиттік желінің жаңартылуы – БКК-тің бүкіл қолданылу мерзімі ішінде және белгіленген лимит не БКК белгілеген қолжетімділік кезеңі шегінде Қаржы құралдарын беру және өтеу. Бұл ретте қаржы құралдарының өтелетін бөлігі Кредит желісі бойынша бос лимитті ұлғайтады. Кредиттік желінің жаңартылу шарттарын БКК анықтайды;

Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – заңнаманың талаптарына сәйкес дұрыс, жылдық, тиімді және салыстырмалы есептеуде есептелетін сыйақы мөлшерлемесі;

Кепілдік/Қарсы кепілдік – Бенефициардан төлем туралы талап түскен кезде, Банк Клиенттің өтініші бойынша Бенефициардың пайдасына ақша сомасын төлеу міндеттемесін беретін шартты ақшалай міндеттеме;

Кепілгер – өзіне банк алдында Клиенттің міндеттемелерін орындау үшін толық немесе ішінара ортақ жауап беру міндеттемесін қабылдайтын тұлға;

БКК – Банк пен Клиент арасында жасалатын Бас кредиттік келісім;

Қамтамасыз ету шарты – Клиенттің Қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ету ретінде Банк пен Кепіл беруші/Кепілгер/Кепіл болушы арасында жасалатын кепіл/кепілдік/кепілгерлік шарты, кепіл туралы келісім және т.б.;

Іскерлік қарым-қатынастар – Банктің банктік және өзге де қызметті жүзеге асыру процесінде туындайтын Клиенттермен қатынастары;

Дефолт – Стандартты шарттардың 11-бабында көрсетілген оқиғалар;

Қаржыландыру шарты – Банк пен Клиент арасында жасалатын, Қаржы құралдарын, оның ішінде БКК шеңберінде алу шарттарын нақтылайтын (белгілейтін) Бас кредиттік келісім, банктік қарыз шарты, банктік кепілдік беру туралы шарт және өзге де шарттар (мәмілелер) немесе немесе БКК-тің ажырамас бөлігі болып табылатын Қаржы құралдарын алуға өтініш;

Қарыз – Қаржыландыру шартына сәйкес Клиентке берілген ақша сомасы;

Берешек – жасалған мәмілелер бойынша Клиент алған Қаржы құралдарының сомасы (Банк Бенефициардың талабы бойынша соманы төлеуі/төлемейуіне қарамастан, Банк үшінші тұлғалардың пайдасына берген кепілдіктер, аккредитивтер сомасын қоса алғанда), сондай-ақ Клиенттің белгілі бір күнге Қаржыландыру шартының талаптары бойынша Банкке төлеуі тиіс өзге де сомалары (сыйақы, тұрақсыздық төлемі, комиссиялар және т. б.). Мәтін бойынша "Берешек" ұғымы белгілі бір Қаржыландыру шарты бойынша берешек сомасын білдіруі мүмкін;

Кепілзат беруші – Қаржыландыру шарты бойынша Клиенттің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде мүлік ұсынатын Клиент немесе үшінші тұлға;

Клиент – Банкпен Қаржыландыру шартын жасасатын тұлға, оның ішінде Бірлесіп қарыз алушы (Стандартты шарттар мен Қаржыландыру шарттарының мәтінінде Клиент Кепілдіктерді/Қарсы кепілдіктерді алған кезде Принципал ретінде, аккредитивтерді алған кезде – Аппликант ретінде және қарыз алған кезде – Қарыз алушы ретінде аталуы мүмкін);

Кросс-дефолт – Клиент Қаржыландыру шарты бойынша Банк және/немесе кез келген үшінші тұлғалардың, сондай-ақ Клиентпен байланысты үшінші тұлғалардың (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, акционерлердің (қатысушылардың), атқарушы органның не тиісінше Клиент сенімхат бойынша уәкілеттік берген өзге тұлғаның), сондай-ақ Қаржыландыру шарты бойынша дефолттың туындау мүмкіндігін болжауға негіз беретін және Банкке Дефолт жариялауға мүмкіндік беретін кез келген келісімдер, Қаржыландыру шарттары бойынша Банк алдындағы кез келген өзге де міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау жағдайлары;

Лимит – Кредиттік желінің шекті сомасы;

Қаржыландыру желісі / Кредиттік желі – Клиентке Қаржы құралдарын алу уақытын өз бетінше анықтауға мүмкіндік беретін, Банктің Клиентті БКК бойынша Клиент пайдасына да, үшінші тұлғалар пайдасына да Қаржы құралдары формасында БКК белгілеген лимит және мерзім шеңберінде қаржыландыруы;

ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

Кредиттік желінің жаңартылмауы – БКК айқындайтын жаңартылу болмаған жағдайда қол жеткізудің белгіленген лимиті мен кезеңі шегінде Қаржы құралдарын беру;

Қамтамасыз ету – кепіл, кепілдік, кепілгерлік, мүлікті ұстап қалу, кепілпұл және заңнамада, Қаржыландыру шартында немесе өзге де шарттарда (мәмілелерде) көзделген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің басқа да тәсілдері;

Кепіл болушы – өзіне Банк алдында Клиенттің міндеттемелерін орындау үшін толық немесе ішінара субсидиарлық жауап беру міндеттемесін қабылдайтын тұлға;

Әлеуетті дефолт – уақыт өте келе Дефолтқа немесе Кросс-дефолтқа әкелуі мүмкін оқиға немесе әрекет;

Кепіл заты – кепілге берілетін мүлік;

Стандартты шарттар – заңды тұлғаларға және кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларға қызмет көрсету бойынша осы стандартты шарттар;

Бірлесіп қарыз алушы – Клиентпен бірге Қаржыландыру шартын жасасатын және Қаржы құралын кімнің алғанына қарамастан Клиент үшін және Қаржыландыру шарты бойынша әрбір Бірлесіп қарыз алушы үшін Банк алдында толық бірге жауап беруге міндеттеме қабылдайтын тұлға;

Дербес деректер субъектілері – жеке тұлғалар: Клиент, Кепілзат беруші, Қаржыландыру шарты бойынша қамтамасыз етуді ұсынатын өзге де жеке тұлғалар; олардың үлестес тұлғалары; құрылтайшылар (қатысушылар/акционерлер), атқарушы органның басшысы, заңды тұлға органдарының құрамына сайланған немесе тағайындалған өзге тұлғалар, клиенттің, кепілзат берушінің, Қаржыландыру шарты бойынша қамтамасыз етуді ұсынатын өзге де тұлғалардың бас бухгалтері; сондай-ақ дербес деректері заңнама талаптарына сәйкес Қаржыландыру шартын және/немесе Банкпен өзге де мәмілелерді жасасуға және орындауға байланысты және/немесе дербес деректерді жинау және өңдеу қажеттілігі туындайтын/бар өзге де жағдайларда Банкке ұсынылуы тиіс өзге де тұлғалар; аталған тұлғалардың өкілдері-барлығы бірге және әрқайсысы жеке-жеке.

Тарифтер – Клиентке оның қызметіне байланысты қызметтер көрсеткені үшін Банкке тиесілі, қызметтерге ақы төлеу күні қолданыста болған комиссиялық сыйақының бекітілген мөлшерлері;

Ағымдағы шот – Қаржыландыру шартында көрсетілген Клиенттің банк шоты;

Транш – Қаржыландыру шарты негізінде БКК шеңберінде берілетін қаржы құралының сомасы;

Банктің уәкілетті органы – Банк органы немесе Қаржыландыру желісін және/немесе Қаржы құралдарын беру туралы шешім қабылдау бойынша тиісті өкілеттіктер берілген тұлға;

Қаржы құралы – Қаржыландыру шарты шеңберінде берілетін қарыз, Кепілдік / Қарсы кепілдік, Аккредитив.

3. Қарыздарды, оның ішінде БКК шеңберінде берілетін қарыздарды беру шарттары.

Егер Қаржыландыру шартында өзгеше көзделмесе:

3.1. Қаржыландыру шартын жасасу арқылы Банк пен Клиент сыйақы мөлшерлемелерінің, Қаржыландыру шарты бойынша комиссиялардың, сондай-ақ осыған байланысты іс-қимылдардың мөлшерін және/немесе есептеу тәртібін өзгерту және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, өтеу мерзімдерін өзгертуді қоса алғанда, өтеу кестесін өзгерту мүмкіндігін Қаржыландыру шартына қосымша келісім жасасу арқылы растайды.

3.2. Клиенттің ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және/немесе оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын қарыз талаптары өзгерген кезде Банк Клиентке қарызды өтеудің жаңа кестесін жасайды және береді.

4. Кепілдіктерді/Қарсы кепілдіктерді беру және/немесе Аккредитивтерді ашу, оның ішінде БКК шеңберінде ашу шарттары. (Егер Қаржыландыру шартында өзгеше көзделмесе):

4.1. Кепілдік/Қарсы кепілдік бойынша талаптар Қаржыландыру шартында көрсетілген оның қолданылу мерзімі ішінде қойылады, ол аяқталғаннан кейін ол заңды күшін жояды.

4.2. Кепілдік/Қарсы кепілдік Қаржыландыру шартында көзделген мерзім өткеннен кейін, сондай-ақ Клиент Бенефициар алдындағы Кепілдікпен/Қарсы кепілдікпен қамтамасыз

етілген өз міндеттемелерін орындаған кезде, сондай-ақ Қаржыландыру шартында, Кепілдікпен/Қарсы кепілдікпен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда өз қолданысын тоқтатады.

4.3. (1) Кепілдік/Қарсы кепілдік және/немесе Аккредитив оларда көрсетілген негіздер бойынша күшіне енбеген, (2) оларды мерзімінен бұрын жойған, сондай-ақ Клиенттің не Бенефициардың бастамасы бойынша Кепілдік/Қарсы кепілдік/Аккредитив мерзімінен бұрын тоқтатылған өзге де жағдайларда Қаржыландыру шарты бойынша бұрын төленген комиссия сомаларын қайтару жүргізілмейді.

4.4. Кепілдік/Қарсы кепілдік және/немесе Аккредитив талаптарын өзгерту (1) Клиенттен қажетті құжаттарды ұсына отырып, Кепілдік/Қарсы кепілдік және/немесе Аккредитив талаптарын өзгертуге өтініш алғаннан және (2) Қаржыландыру шартына қосымша келісімдер жасасқаннан (қажет болған жағдайда) және Банктің, тарифтерімен белгіленген мөлшерде Кепілдік/Қарсы кепілдік және/немесе Аккредитив талаптарын өзгерту үшін комиссия төлегеннен кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

4.5. Кепілдік/Қарсы кепілдік және Аккредитив талаптарын өзгерткені үшін комиссияны Клиент Қаржыландыру шартына қосымша келісім жасалған күні немесе Кепілдік/Қарсы кепілдік және/немесе Аккредитив банкінің Уәкілетті органының шешіміне сәйкес басқа мерзімде, Банк тарифтерінде белгіленген мөлшерде төлейді (Ағымдағы шотқа енгізеді).

Кепілдік/Қарсы кепілдік және/немесе Аккредитив шарттарын өзгерту үшін комиссия төлеу негіздері:

- БКК және/немесе Кепілдік/Қарсы кепілдік және/немесе Аккредитив сомасын ұлғайту;
- БКК және/немесе Кепілдік/Қарсы кепілдік және/немесе Аккредитив мерзімін ұзарту;
- Клиенттің бастамасы бойынша БКК және/немесе берілген Кепілдіктің/Қарсы кепілдіктің және/немесе Аккредитивтің өзге де шарттарын өзгерту.

Қаржыландыру шартын жасасу арқылы Клиент Кепілдік/Қарсы кепілдік және/немесе Аккредитив талаптарын өзгерткені үшін комиссия төлеуге сөзсіз келісімін білдіреді.

4.6. Банк Кепілдік/Қарсы кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда, егер Қаржыландыру шартында өзгеше көрсетілмесе, Клиент Банк Бенефициардың пайдасына ақша сомасын төлегеннен кейін бір жұмыс күні ішінде Банкке Бенефициарға Банк төлеген сомадағы ақшаны аударады.

4.7. Бенефициар ұсынған Кепілдікті/Қарсы кепілдікті орындау туралы талап бойынша ақша сомасын аударғанға дейін Банк Клиентті келіп түскен талап туралы хабардар етеді.

4.8. Аккредитивті ашу Қаржыландыру шарты жасалғаннан және Клиент Банкке қажетті құжаттарды бергеннен кейін, Клиент ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

4.9. Ағымдағы шотта ақша жеткіліксіз болған кезде **Кепілдік/Қарсы кепілдік бойынша берешекті өтеу кезектілігі:**

1) Кепілдікке/ Қарсы кепілдікке қызмет көрсетуге байланысты және/немесе Кепілдік/Қарсы кепілдік шарттарын орындамау/тиісінше орындамау нәтижесінде туындаған Банктің шығыстары мен залалдар сомасы;

2) Кепілдік/Қарсы кепілдік бергені үшін комиссия сомасы;

3) Кепілдікті/Қарсы кепілдікті пайдаланғаны үшін комиссия сомасы;

4) тұрақсыздық төлемінің (айыппұлдың, өсімақының) сомасы);

5) Кепілдік/Қарсы кепілдік сомасы.

4.10. Ағымдағы шотта ақша жеткіліксіз болған кезде **Аккредитив бойынша берешекті өтеу кезектілігі:**

1) Аккредитивке байланысты салықтардың сомасы (бар болса);

2) операциялық қызметтерді, айырбастау бойынша комиссияларды және аккредитивке қызмет көрсетуге байланысты және/немесе Қаржыландыру шартында көрсетілген талаптарды орындамау / тиісінше орындамау нәтижесінде туындаған, Эмитент банк төлеген басқа қызметтерді төлеу сомасы;

3) Аккредитив ашқаны үшін комиссия сомасы;

- 4) Эмитент банктің тәуекелдері үшін комиссия сомасы;
- 5) тұрақсыздық төлемінің (айыппұлдың, өсімақының) сомасы);
- 6) Аккредитив сомасы.

4.11. Бенефициармен жасалған келісімшарттар бойынша ақы төлеу Құжаттамалық аккредитив бойынша біріздендірілген қағидалар мен әдет-ғұрыптарға (Халықаралық сауда палатасының № 600 жарияланымы, 2007 жылғы редакция) немесе Банк Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 199 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы банктерінің құжаттамалық аккредитивтерімен операциялар жүргізу қағидаларына сәйкес сәйкес қайтарымсыз аккредитив ұсыну жолымен жүргізіледі.

4.12. Контрагент банктің комиссиясын төлеу Клиенттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады, бұл ретте Клиент Банк хабарламаны ұсынғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде ағымдағы шоттағы комиссияларды төлеу үшін ақшаны қамтамасыз етеді. Банк Клиентті Банктің өзге шығыстарын (салықтарды қоса алғанда) ескере отырып, өтеу күндері мен комиссиялардың мөлшері туралы хабардар етеді.

4.13. Аккредитивтің қолданылу мерзімін ұзарту қажет болған кезде Клиент аккредитивтің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын аккредитивтің қолданылу мерзімін ұзарту туралы негізделген жазбаша өтініш ұсынады.

4.14. Бенефициар алдындағы міндеттеме мерзімінен бұрын орындалған кезде Клиент Банкке Аккредитивтің күшін жоюға өтініш береді және Банк бенефициардың аккредитивтің күшін жоюға келісімін алғаннан кейін ғана Банк аккредитивтің күшін жояды.

4.15. Аккредитивке қызмет көрсеткені үшін Банк комиссиясы Клиенттен тиісті операцияны жүзеге асырған күндегі тарифтерге сәйкес мөлшерде алынады.

4.16. Аккредитив сомасы ұлғайған жағдайда Клиент қаржыландыру шартының талаптарына сәйкес тәуекелдер үшін Банкке комиссия төлейді.

4.17. Қаржыландыру шартын жасасу арқылы Клиент Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктіру басталған кезде Банк Клиентке қатысты қолданылатын шара ретінде Стандартты шарттардың жоғарыда көрсетілген 4.9. және 4.10. тармақтарындағы берешекті өтеу кезектілігін өзгертуге құқылы екендігіне келіседі, бұл ретте мұндай өзгеріс Қаржыландыру шартын біржақты өзгерту болып табылмайды. Қаржыландыру шарты бойынша берешекті өтеу кезектілігінің өзгергені туралы Клиентке Стандартты шарттардың 14.11-тармағында көзделген тәртіппен хабарланады.

5. Клиент Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Банк қабылдайтын шаралар.

(Егер Қаржыландыру шартында өзгеше көзделмесе және оған қолданылатын болса):

5.1. Стандартты шарттардың 9.1-тармағының 5) тармақшасында көзделген ескертпеде/хабарламада көрсетілген талаптар қанағаттандырылмаған кезде, Клиент қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында, Стандартты шарттарда және/немесе Қаржыландыру шартында көзделген, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау, Клиенттің берешегін Банкке қайтару үшін қажетті және жеткілікті, мыналарды қоса алғана және тек олармен шектелмей кез келген шараларды қолдануға құқылы:

- 1) Клиентке қатысты шараларды қолдану туралы мәселені Банктің уәкілетті органының қарауына шығару;
- 2) Стандартты шарттардың 8.1-тармағының 20) тармақшасының г) абзацында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асыру;
- 3) Қаржыландыру шартын орындау талаптарын өзгерту, Қаржыландыру шарты бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап қоюмен жүгіну, сондай-ақ кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен (Қазақстан Республикасының Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы заңнамалық актісінде көзделген жағдайларды қоспағанда) не сот тәртібімен өндіріп алуға жүгіну;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиентті банкрот деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгіну;

5) өз қалауы бойынша Қаржыландыру шарты бойынша Әлеуетті дефолт, Кросс-Дефолт, Дефолт жариялау, оның ішінде Кросс-дефолт жариялаусыз (оның ішінде Банк Кепілдік/Қарсы кепілдік/Аккредитив бойынша төлегеніне немесе Бенефициардың талабын төлейтініне қарамастан, Банк Бенефициардың пайдасына берген Кепілдік/Қарсы кепілдік/Аккредитив сомасын берешекке тиісті жатқызумен);

6) Клиентке Қаржыландыру желісін ашқан кезде Лимиттің пайдаланылмаған сомасын немесе оның күші жойылған бөлігін жариялау / қолжетімділік кезеңін жабу.

Осыған байланысты Банк жүргізген барлық шығындар Клиенттің шотына жатқызылады.

5.2. Банк Клиенттің негізгі борышының сомасын есептелген сыйақымен және Қаржыландыру шартының талаптарына сәйкес төленуге тиісті өзге сомалармен бірге толық көлемде мерзімінен бұрын өндіріп алуды талап етуге, ал егер оның талабы қанағаттандырылмаса, мынадай жағдайларда кепіл нысанасынан/ қамтамасыз етуден өндіріп алуға құқылы:

1) берілген Кепілдік/Қарсы кепілдік/Аккредитив бойынша – Банк Кепілдік/Қарсы кепілдік/Аккредитив бойынша қандай да бір төлемдер жүргізген жағдайда;

2) Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету болып ақша табылатын жағдайларды қоспағанда, Клиенттің қамтамасыз ету туралы шарттың талаптарын бұзуы;

3) егер кепіл заты қалдырылған Кепіл берушінің/Клиенттің иелігінен шығып қалса не қамтамасыз ету шартының талаптарын бұза отырып қамтамасыз етуді жоғалтқан кезде;

4) Кепілзат берушінің / Клиенттің кепіл затын ауыстыру туралы ережелерді бұзуы;

5) Кепілзат берушіде/Клиентте өзге мүлік болмаған кезде, Банк талабының алдында артықшылығы жоқ үшінші тұлғалар алдындағы атқару құжаттары бойынша Кепілзат берушінің/Клиенттің міндеттемелерін орындау мақсатында кепіл затынан өндіріп алу;

6) Клиент Қаржы құралын мақсатты пайдалану жөніндегі міндеттерін орындамаған кезде;

7) Клиенттің міндеті бұзылған жағдайда Банктің Қаржы құралының мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

8) Клиент ұсынылған Қаржы құралын қайтару және Қаржы құралын пайдаланғаны үшін сыйақы/комиссия төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған кезде, сондай-ақ Банк жауап бермейтін мән-жайлар бойынша қамтамасыз етуді жоғалтқан немесе оның талаптары нашарлаған кезде;

9) Клиент негізгі борыштың кезекті бөлігін қайтару және/немесе қарыз бойынша сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді 40 (қырық) күнтізбелік күннен астам бұзған кезде;

10) Кепілзат берушінің /Клиенттің қайта кепілге салу туралы ережелерді бұзуы;

11) Кепілзат берушінің/Клиенттің мынадай міндеттерді орындамауы:

а) Кепіл затының сақталуын қамтамасыз ету үшін, оның ішінде оны үшінші тұлғалар тарапынан қол сұғушылықтан және талаптардан қорғау үшін қажетті шараларды қабылдау;

б) кепіл затын жоғалту немесе бүлдіру қатерінің туындағаны туралы Банкке дереу хабарлау;

в) Банкке Кепіл берушіде бар кепіл затының құжаттар бойынша және нақты болуын, мөлшерін, жай-күйін және сақтау шарттарын тексеруге кедергі келтірмеу;

12) Қаржы құралын ұсыну кезінде міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету болып ақша табылатын жағдайларды қоспағанда, Кепілзат беруші/Клиент кепіл затына билік ету туралы ережелерді бұзған жағдайларда;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, оның ішінде Клиент күдікті ретінде сыныпталатын операцияларды жасаған кезде не Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клиенттің операцияларын тоқтата тұрған кезде Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату (Қаржыландыру шартын орындаудан біржақты бас тарту).

Осыған байланысты Банк жүргізген барлық шығындар Клиенттің шотына жатқызылады.

6. Клиент пен Банктің жауапкершілігі және дауларды шешу тәртібі.

(Егер Қаржыландыру шартында өзгеше көзделмесе):

6.1. Қаржыландыру шартының талаптарын бұзғаны үшін Банк пен Клиент Стандартты шарттарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Қаржыландыру шартына сәйкес жауапты болады.

6.2. Қаржы құралдарын ұсынған кезде негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлегені үшін тұрақсыздық төлемін (айыппұл, өсімақы) есептеу тәртібі және оның мөлшері Қаржыландыру шартында көрсетіледі.

6.3. Стандартты шарттармен байланысты келіспеушіліктер мен дауларды Банк пен Клиент келіссөздер арқылы қаралады.

6.4. Стандартты шарттарға байланысты келіссөздер жолымен реттелмеген барлық даулар талапкердің/өтініш берушінің таңдауы бойынша Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралуға жатады (Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес ерекше соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда).

7. Клиенттің бастамасы бойынша Қаржы құралын ішінара мерзімінен бұрын өтеу.

(Егер Қаржыландыру шартында өзгеше көзделмесе):

7.1. Қаржы құралының сомасы ішінара мерзімінен бұрын өтелген жағдайда, Клиент төменде көрсетілген тәсілдердің бірін көздейтін өтеу кестесін таңдайды:

1) ұсынылған Қаржы құралының мерзімі өзгеріссіз қалатын жоспарлы өтеудің ай сайынғы сомасын азайту; не

2) Қаржы құралының мерзімін жоспарлы өтеудің ай сайынғы сомасының мөлшері ай сайынғы төлемнің бұрын белгіленген мөлшерінен аспайтындай азайту; немесе

3) мерзімін сақтау және Қаржы құралы бойынша келесі төлемді мерзімінен бұрын өтеу сомасына азайту/өтеу (егер негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеу кесте бойынша 1 (бір) жоспарлы төлем үшін ғана жүргізілген жағдайда қолданылады, бұл ретте сыйақы өтеу кестесіне сәйкес белгіленген мерзімде төленеді).

Клиент Қаржыландыру шартын жасаса отырып, болашақта Қаржы құралының бір бөлігі мерзімінен бұрын өтелген жағдайда Банк ұсынатын өтеу кестесіне өзінің сөзсіз келісімін білдіреді.

Өзгертілген өтеу кестесі бұрынғы өтеу кестесін ауыстырады және Қаржыландыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

8. Банктің және Клиенттің құқықтары.

Егер Қаржыландыру шартында өзгеше көзделмесе:

8.1. төменде көрсетілгендер Клиентке қолданылатын жағдайда Банк құқылы:

1) Қаржыландыру шартында көзделген сомаларды төлеу мерзімі басталған кезде, сондай-ақ Клиенттің банктік шоттарында Қаржы құралдарын беру валютасында ақша болмаған не жеткіліксіз болған жағдайда, осы тармақтың 2) тармақшасының г) абзацында көзделген тәртіппен Қаржыландыру шартына сәйкес төленуге жататын сомаларды қолданыстағы тарифтер бойынша айырбастау үшін тиісті комиссияларды ұстай отырып, алып қою күніндегі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша айырбастай отырып, басқа валюталарда алып қоюға;

2) Клиенттің / Кепілгердің / Кепіл болушының қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Қаржыландыру шарты бойынша берешекті толық көлемде өндіріп алуды мерзімінен бұрын талап ету;

3) Клиентке Қаржыландыру желісін ашқан кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қаржыландыру шартында және/немесе Стандарттық шарттарда көзделген жағдайларда Қаржы құралдарын беруді тоқтата тұру (тоқтату), Стандарттық шарттардың 5-бабында көзделген жағдайларда қаржы құралдары бойынша берешектің барлық сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету;

4) Клиентке мұндай шешімнің себептерін түсіндірместен, төлемге қабілетсіз Клиентке қатысты қолданылатын шара ретінде БКК шеңберінде лимитті төмендету және/немесе қолжетімділік кезеңін жабу туралы шешім қабылдау. Осы шешім қабылданған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлама жіберу арқылы Клиенттің назарына жеткізіледі;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, бұдан әрі стандартты талаптарда көзделген тәртіппен қаржыландыру шарты қолданылуының кез келген кезеңінде, ал Қаржы құралын ұсынған кезде-Қаржыландыру шарты жасалған күннен бастап Қаржы құралын нақты ұсынған күнге дейінгі кезеңде Қаржыландыру шартының талаптарын (оның ішінде сыйақы мөлшерлемесін, валютасын, төлеу мерзімдерін, Қаржы құралын беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алынуға жататын комиссиялар мен өзге де төлемдердің мөлшерін, түрлері және есептеу тәртібін) өзгертуді және/немесе толықтыруды ұсынуға.

Қаржыландыру шартының талаптарын өзгерту және/немесе толықтыру туралы ұсыныс Клиентке хабарлама түрінде жіберіледі.

Банктің қаржыландыру талаптарын біржақты өзгерту құқығын іске асыру жағдайларын, сондай-ақ Стандартты шарттарға, Қаржыландыру шартына не қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де жағдайларды қоспағанда, Клиенттің Қаржыландыру шарты бойынша өзгертілген және/немесе жаңа талаптарды қабылдауы Қаржыландыру шартына қосымша келісім жасасу арқылы жүзеге асырылады;

б) Мына жағдайларда Стандартты шарттарда және Қаржыландыру шартында көзделген шараларды қолдану құқығымен Қаржы құралдарын / Қаржы құралдарының бір бөлігін беруді жүзеге асырмау:

- Банктің пікірі бойынша Клиенттің/Кепіл берушінің/Кепілгердің/Кепіл болушының меншікті ақшасының/кірісінің сомасына қатысты елеулі шаманы құрайтын талап қою сомасы бар мүлктік сипаттағы сот процесіне Клиентті және/немесе Кепіл берушіні/Кепіл болушыны жауапкер (бірлескен жауапкер) ретінде тарту;
- егер Клиенттің/Кепіл берушінің/Кепілгердің/Кепіл болушының мүлкіне және/немесе оның банктік шоттарындағы ақшаға тыйым салынса, өзге өндіріп алу қолданылса, банктік шоттар бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрса (немесе бұған нақты қауіп төнсе);
- Клиенттің/Кепіл берушінің/Кепілгердің / Кепіл болушының Банк алдындағы өзге міндеттемелері бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешегінің болуы;

7) егер мұндай ұсыну Банктің пруденциалдық нормативтерді сақтау туралы талаптарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуына әкеп соққан жағдайда, Қаржы құралдарын беруден бас тарту;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің келісімінсіз Қаржыландыру шарты бойынша кез келген құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаларға табыстауға, бұған Клиент Қаржыландыру шартын жасасумен өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді, сондай-ақ үшінші тұлғаның жеке басының Клиент үшін елеулі маңызы жоқ екенін растайды;

9) Клиент өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, Стандартты шарттардың 12-бабына сәйкес Қаржыландыру шарты бойынша кез келген ақпаратты өз қалауы бойынша ашу;

10) Клиенттің/Кепілгердің/Кепіл болушының қаржылық жағдайын, қаржылық есептілікті қоса алғанда, оның даму перспективаларын анықтау үшін кез келген ақпаратты талап ету, сондай-ақ кепіл затының болуын, пайдаланылуын, сақталуын, жай-күйі мен ұстау шарттарын тексеру, қаржы құралының нысаналы пайдаланылуын белгілеу үшін кез келген ақпаратты талап етуге, ал Клиент бұған Банкке жәрдемдесуге міндетті;

11) Кепіл затының жай-күйі нашарлаған, құны төмендеген, жеткіліксіз болған, жоғалған, бүлінген немесе жойылған жағдайда, Клиенттен Банктің талаптарын қанағаттандыратын өзге қамтамасыз етуге ауыстыруды талап етуге және/немесе Банктің талаптарын қанағаттандыратын қосымша қамтамасыз етуді ұсынуды талап етуге, немесе Банк талаптарының бір бөлігін ол айқындаған мөлшерде және мерзімдерде орындауға, сондай-ақ егер Қаржыландыру шартын жасасқаннан кейін Стандартты шарттардың 9.2-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген мән-жайлар туралы ақпарат пайда болған жағдайда, Қаржы құралдарын беруді тоқтата тұруға;

12) Клиент Стандартты шарттардың 8.1-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген талаптарды және 9.2-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Қаржы құралдарын беруден бас тартуға;

13) Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін ұсынылатын қамтамасыз ету ішінара немесе толық жоғалған (бұған нақты қатер төнген), сондай-ақ кепіл заттары Клиенттің немесе Кепіл берушінің иелігінен шығарылған, бағалау туралы есеп негізінде айқындалған қамтамасыз ету құны 10 (он) пайызға және одан да көп азайған жағдайда Клиенттен Банк қажетті, қолайлы және жеткілікті деп санайтын нысанда және көлемде Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың қосымша кепілдіктерін ұсынуды талап ету;

14) кепіл затына, оның сақталуына, жай-күйіне, сақтандығына, күтіп-ұстау және пайдалану шарттарына тексеру жүргізуге, сондай-ақ Клиенттің Банк белгілеген мерзімдерде және жағдайларда жылжымайтын мүлікті қайта бағалау үшін бағалаушыны (егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Клиенттің есебінен немесе қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғалардың есебінен) тартуды қамтамасыз етуін талап етуге;

15) сақтандыру шарты кредит берудің бүкіл мерзіміне жасалатын жағдайларды қоспағанда, егер Банктің қаржыландыру бағдарламасында кепіл затын сақтандыру көзделген жағдайда, Клиент сақтандыру шартының мерзімін ұзарту талабын бұзған кезде Қаржыландыру шартында айқындалған мөлшерде тұрақсыздық төлемін (өсімақы) өндіріп алу; сақтандыру шарты бойынша пайда алушы ретінде Банкке тиесілі және Қаржыландыру шарты бойынша Клиенттің берешек сомасын өтеуге бағытталған сақтандыру төлемі берешектің барлық сомасын жаппаса, Клиенттен берешектің қалған сомасын оның өз қаражаты есебінен өтеуді талап ету;

16) Клиенттен және барлық Бірлесіп қарыз алушылардан (бар болса), сондай-ақ олардың кез келгенінен жеке толық та, Қаржыландыру шарты бойынша берешек бөлігінде де қайтаруды талап етуге. Бірлесіп қарыз алушылардың бірінен және / немесе Клиенттен толық қанағаттандыруды алмаған Банк басқа Бірлесіп қарыз алушылардан және/немесе Клиенттен толық алынбағанын талап етуге құқығы бар;

17) кез келген уақытта Клиенттің қаржылық жағдайына, шаруашылық қызметіне, қарыздың мақсатты пайдаланылуына, оның ішінде Клиенттің өз қызметін жүзеге асыратын мүлкін, үй-жайларын, орындарын тікелей тексеру арқылы тексеру жүргізуге, сондай-ақ Банкке қажетті құжаттар мен ақпаратты Банкке қажетті көлемде және мерзімдерде сұратуға және алуға, бұл ретте Клиент осындай ақпараттың/құжаттардың толықтығы, дұрыстығы және ұсыну мерзімдері үшін жауап береді. егер заңнамада өзгеше көзделмесе, қызметтеріне Банктің бірінші қарапайым талабы бойынша Клиент ақы төлеуі тиіс кез келген үшінші тұлғаларды (аудит, бағалаушылар, заң фирмалары және басқалар) тартуға, Қаржыландыру шартын жасасқанға дейін және Банктің қалауы бойынша кез келген басқа кезеңде Клиенттің қаржылық жай-күйін және қаржы құралдарының қамтамасыз етілуін тексеруге құқылы;

18) Қаржы құралы берілетін валютаны анықтау. Қаржыландыру шартын жасасу арқылы Клиент Банктің Қаржы құралын беруіне (ұсынуына) және Клиенттің басқа валютада мақұлданған, бірақ Клиентке берілмеген (ұсынылмаған) қаржы құралы бойынша Банк айқындаған валютада алуына келіседі;

19) берешекті өтеу мақсатында Клиентті басқа банкте ашылған банктік шотты тікелей дебеттеу шартын жасауға міндеттеу;

20) қарыз беру кезінде:

а) Клиент қарызды нақты алған күннен бастап сыйақы есептеуді жүргізу және пайдаланудың бірінші күнін қоса алғанда және соңғысын алып тастай отырып, Қарызды пайдалану күндерінің нақты санын, бір жылдағы 360-қа тең күндер санын және айдағы күндердің нақты санын басшылыққа отырып есептеу. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері оны есептеу үшін қажетті деректер өзгерген жағдайда түзетілуі мүмкін;

б) заңнамада көзделген, сондай-ақ Стандартты шарттарда белгіленген жағдайларда Қаржыландыру шартының талаптарын Клиент үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге;

- в) Клиент қарыздың кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді 40 (қырық) күнтізбелік күннен астам бұзған кезде қарыз сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;
- г) Қаржыландыру шартына сәйкес төленуге тиісті сомаларды өтеу мерзімі басталған кезде, сондай-ақ Банкте қаржыландыру шартында көзделген өзге сомаларды төлеуді талап ету құқығы туындаған жағдайларда, ағымдағы шотты тікелей дебеттеу арқылы осы сомаларды алып қоюды жүргізу, ал онда ақша болмаған жағдайда-Клиенттің Банкте ашылған өзге банктік шоттарынан алып қоюды жүргізу, ал Қаржыландыру шартында көзделген сомаларды төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Клиент Банкке қайтарып алынбайтын келісім берген, қолданыстағы заңнамаға сәйкес өндіріп алу қолданылмайтын ақшаны қоспағанда, осы сомаларды Клиенттің қосымша келісімсіз даусыз тәртіппен, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес төлем талабын Қазақстан Республикасындағы басқа банктердегі және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге де ұйымдардағы Клиенттің кез келген банк шоттарынан көрсету арқылы алып қоюды жүргізу;
- д) Қазақстан Республикасының заңнамасында, қаржыландыру шартында көзделген жағдайларда қарызды/қарыздың бір бөлігін беруді тоқтата тұру (тоқтату) және/немесе Стандартты шарттардың 5-бабында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қарыз бойынша берешектің барлық сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету;
- е) Клиент қарыз сомасын және есептелген сыйақыны уақтылы өтеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, егер сыйақы сомасын төлеу бойынша төлемдердің кешіктірілу ұзақтығы күнтізбелік 30 (отыз) күннен асатын болса, сыйақыны есептеуді тоқтату және Стандартты шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, есептеу тоқтатылған күннен бастап сыйақыны есептеуді қайта бастау;
- ж) Клиент қарыз сомасын және есептелген сыйақыны уақтылы өтеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Қарыз бойынша мерзімі өткен берешек пайда болған бірінші күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде мерзімі кешіктірілген негізгі борышқа (қарызға) сыйақы есептеуге, оның ішінде Клиенттен негізгі борышқа есептелген мерзімі кешіктірілген сыйақыны, мерзімі өткен негізгі борышты (қарызды) өндіріп алуға (мерзімі кешіктірілген сыйақы-бұл Клиент Банкке толық көлемде төлемеген, уақтылы төлемеген және(немесе) төлемеген сыйақы. Сыйақыны есептеу тәртібін Банк белгілейді);
- з) Қарызды өтеу бойынша да, сыйақыны төлеу бойынша да, оның ішінде мерзімі өткен негізгі борышқа есептелген (бірақ төленбеген) сыйақыға да, Қаржыландыру шартының талаптарын орындамағаны / тиісінше орындамағаны үшін, төлемдердің мерзімін кешіктіргені үшін тұрақсыздық төлемін есептеуді тоқтата тұруға және қайта бастауға, сондай-ақ тұрақсыздық төлемін (айыппұлды, өсімақыны) төлеуді талап етпеуге құқылы;
- и) қарыз бойынша мерзімі 40 (қырық) күнтізбелік күннен астам мерзімі кешіктірілген берешек туындаған жағдайда, Клиенттің Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету болып табылатын ақшаның барлық сомасын берешекті өтеу есебіне дебеттеу. Қарыз бағдарлама шеңберінде қарыз сомасы қамтамасыз ету/депозит сомасының 95% - ынан аспайтын депозитті кепілге бере отырып берілетін жағдайларды қоспағанда, ішінара өтелген жағдайда өтеу кестесін қайта есептеу кредит беру мерзімі азайтыла отырып және қарыз бойынша ай сайынғы төлем сомасы сақтала отырып жүзеге асырылады;
- к) Мына жағдайларда заңды тұлға клиент жасасқан Қаржыландыру шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін ұлғайту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге: (i) Клиент қарызды алумен және оған қызмет көрсетумен байланысты дұрыс ақпарат беру бойынша өз міндеттемелерін бұзған; (ii) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, сондай-ақ мынадай жағдайларда Банкте міндеттемені мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығының туындауы: (1) Банкке алдын ала жазбаша хабарламай,

акционерлік қоғам/шаруашылық серіктестік акцияларының (қатысу үлестерінің) жиынтық түрде 10 және одан да көп % -ын иеленетін заңды тұлға клиент қатысушыларының (акционерлерінің) құрамын өзгерту, (2) Клиент және/немесе Кепіл беруші Банктің кепілге салынған мүліктің құжаттар бойынша және нақты бар болуын, мөлшерін, жай-күйі мен сақталу шарттарын тексеру құқығын бұзған, сондай-ақ үшінші тұлғалардың Клиенттің, қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғаның мүлкіне, оның ішінде кепіл нысанасы болып табылатын мүлікке талаптар қойған;

л) Банктің осындай талаптарында орындаудың өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Банк талапты жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Клиенттен Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету;

21) Кепілдік/Қарсы кепілдік/Аккредитив беру кезінде:

а) қажетті құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда, Қаржыландыру шартында айтылған мерзімде және шарттарда, сомада Кепілдік/Қарсы кепілдік/Аккредитив беру/ашу;

б) Клиентке Кепілдікті/Қарсы кепілдікті/ Аккредитивті беру/ ашу туралы хабарлау;

в) Контрагент банктен қандай да бір ақпарат алған кезде алынған ақпаратты Клиентке жеткізу;

г) жылдық пайызбен есептелетін комиссияларды есептеу: Банктің Кепілдік/Қарсы кепілдік/Аккредитив берген/ашқан күнінен бастап және Кепілдік/Қарсы кепілдік қолданылуының соңғы күнін қоспағанда, жылына 360 күн және Кепілдік/Қарсы кепілдік/Аккредитив берілетін/ашылатын күнтізбелік күндердің нақты саны есепке алынады;

д) Банкке байланысты емес себептермен контрагент-банктер тарапынан осы құралдарды орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда Кепілдік/Қарсы кепілдік/Аккредитив бойынша қызмет көрсетуден бас тарту;

е) Клиент Қаржыландыру шартының талаптарын бұзған жағдайда осы тармақтың 20) тармақшасының г) абзацында көзделген тәртіпте комиссиялар мен есептелген айыппұл санкцияларының сомаларын есептен шығару;

ж) мынадай жағдайларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Қаржыландыру шартын орындаудан бас тарту (атап айтқанда, бенефициардың пайдасына Кепілдік/Қарсы кепілдік беруден):

– Клиенттің Қаржыландыру шартында белгіленген Кепілдік/Қарсы кепілдік шарттарын бергені/өзгерткені үшін комиссияларды төлемеуі;

– Қаржыландыру шартында және/немесе Стандарттық талаптарда көзделген міндеттемелердің бұзылуы;

– заңнамада көзделген өзге де жағдайларда;

з) Банк Кепілдік/Қарсы кепілдік/Аккредитив бойынша қандай да бір төлемдер жүргізген кезде Клиенттен Банк белгілеген мерзімде Банк төлеген соманы біржолғы өтеуді талап етуге. Клиент Кепілдік/Қарсы кепілдік/Аккредитив бойынша Банк төлеген соманы бір мезгілде толық өтемеген кезде, Клиент Банктің кредит саясатының талаптарына сәйкес келген кезде, сондай-ақ Клиент қажетті құжаттарды ресімдеуге қойылатын Банктің барлық талаптарын сақтаған кезде Банк жалпы белгіленген тәртіппен Клиентке дебиторлық берешекті өтеуге тиісті Қаржыландыру шартын және тиісті қамтамасыз ету шарттарын жасай отырып, қарыз беруге құқылы;

и) Клиенттен Кепілдік/Қарсы кепілдік/Аккредитив бойынша кез келген/әрбір талап бойынша төлемді, Кепілдікке/Қарсы кепілдікке/Аккредитивке байланысты шығыстар мен шығындарды төлеуді жүзеге асыру үшін ақша сомасын толық және уақтылы қамтамасыз етуді талап ету;

к) Кепілдікті/Қарсы кепілдікті мерзімінен бұрын тоқтату жөніндегі құжаттарды клиенттен қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту. Клиенттен Банкке Кепілдіктің/Қарсы кепілдіктің түпнұсқасын қайтаруды, Банкке бенефициардың Кепілдік/Қарсы кепілдік бойынша талаптардың жоқтығы туралы жазбаша хабарламасын беруді, Банк белгілегендей Банкті кепілдік/қарсы кепілдік бойынша орындаудан босатуды талап ету;

- л) Кепілгер Банк ұсынған Кепілдікті/Қарсы кепілдікті орындау туралы талап бойынша ақша сомасын аударғанға дейін Кепілгер банктен талап келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Клиентті келіп түскен талап туралы хабардар ету;
- м) Банк Кепілдік/Қарсы кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда, Банк Кепілгер банктің пайдасына ақша сомасын төлегеннен кейін бір жұмыс күні ішінде Клиенттен Банк Кепілгер банкке төлеген сомада ақшаны Банкке аударуды талап ету;
- н) Банк хабарлама жіберген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Кепілгер банктің ағымдағы шоттағы комиссияларын және өзге де шығыстарын (салықтарды қоса алғанда) төлеу үшін ақшаның болуын қамтамасыз етуді талап ету;
- 22) *БКК бойынша қаржыландыру желісін ашу кезінде*, БКК шеңберінде жаңа қаржы құралдарын/транштарды ұсынуды жүзеге асырмау және/немесе лимитті Банк қажет деп санайтын шектерге дейін төмендету, және/немесе келесі жағдайларда БКК-ке қосымша келісім жасасу жолымен қарызды пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесін өзгерту (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып):
- ақша нарығында және(немесе) капиталдар нарығында және(немесе) қаржы нарығында өзгерістер және(немесе) қайта қаржыландыру мөлшерлемелері және(немесе) валюталар бағамдары және(немесе) инфляция көрсеткіштері өзгерген кезде, девальвация кезінде;
 - Клиенттің Банк алдындағы Қаржыландыру шартында және/немесе Қамтамасыз ету шартында көзделген міндеттемелерін орындамау/тиісінше орындамау фактілері болған кезде;
 - Клиентте Қаржы құралдары бойынша кезекті төлемді өтеу үшін ақша болмаған кезде;
 - егер Клиент Банк алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынудан жалтарса;
 - егер Клиент барлық операциялық, пошта-телеграфтық шығыстарды, айырбастау бойынша шығыстарды және Банктің қаржы құралына қызмет көрсетуге байланысты басқа да шығыстарын төлемесе;
 - егер Клиент Банк қызметкерлерін жобаларды іске асыру орындарына, тексеру жүргізу үшін қызметтік, өндірістік, қоймалық және басқа үй-жайларға, оның ішінде кепіл затының жай-күйі мен ұстау шарттарын тексеру үшін жібермесе;
 - егер кезекті траншты ұсыну уақытына қарай Дефолт не Әлеуетті дефолт не Кросс-дефолт оқиғасы орын алса;
 - егер Клиент Банкке БКК және/немесе Стандартты шарттарда көзделген анық мәліметтер мен құжаттарды ұсынбаса;
 - Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Клиенттің/Кепілгердің/Кепіл болушының қаржылық жай-күйінің нашарлауы;
 - Банктің клиентке қойылатын талаптарының жалпы көлемі олар туындаған күні Банк белгілеген шектеулер шегінде болған, бірақ кейіннен Клиентпен байланысты Банк қарыз алушыларының тобы бойынша бір қарыз алушыға қолданылатын құқықпен белгіленген тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің артуына байланысты көрсетілген шектеулерден асып кеткен кезде;
 - Банктің БКК бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының өзгеруі;
 - егер Клиент Банкке Банк қажетті, қолайлы және жеткілікті деп есептейтін нысанда және көлемде БКК бойынша міндеттемелерді орындауға қосымша кепілдіктер бермесе, БКК бойынша міндеттемелерді орындау үшін ұсынылатын қамтамасыз ету ішінара немесе толық жоғалған (бұған нақты қатер туындаған), сондай-ақ кепіл заттары Клиенттің/Кепіл берушінің иелігінен шығарылған, бағалау туралы есеп негізінде айқындалған қамтамасыз ету құны 10 (он) пайызға және одан да көп азайған жағдайда;
 - Бенефициардың Кепілдікті/Қарсы кепілдікті орындау туралы талабын алған кезде;
 - Егер қамтамасыз етуді ұсынған Клиенттің, үшінші тұлғаның (Кепіл берушінің, Кепілгердің, Кепіл болушының) банктік шот(-тар)ындағы ақшаға тыйым салынса, инкассалық өкім, төлем талабы қойылса, Банк аталған тұлғалардың басқа ақшасы есебінен орындай алмайтын өндіріп алу қолданылса немесе бұған нақты қатер төніп тұрса;

- Егер қамтамасыз етуді ұсынған Клиенттің, Үшінші тұлғаның (Кепіл берушінің, Кепілгердің, Кепіл болушының) Банк алдында өзге міндеттемелер бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешегі болса;
- егер Клиент өзінің міндеттемелерін, талаптарын, ковенанттарды, оның ішінде Клиенттің, сондай-ақ Қаржыландыру шарты және/немесе Стандартты шарттар бойынша Бірлесіп қарыз алушының/Кепілгердің/Кепіл болушының (Банктің операциялық қызметінен түскен ақша ағындарын ескере отырып, лимит белгіленген жағдайда) қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша қаржылық көрсеткіштерге қатысты ковенанттарды, Банкке берілген растамаларды бұзса;
- егер Қаржы құрал(-дар)ын пайдалану нысаналы мақсаты бойынша жүзеге асырылмаса немесе бизнес-жоспар, Банкке қаржыландыру үшін берілген техникалық-экономикалық негіздеме орындалмаса, немесе Банкке қаржы құралын нысаналы пайдалану жөніндегі құжаттар, қаржылық немесе өзге де есептілік жөніндегі құжаттар, кірісті көрсететін және растайтын құжаттар, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша талап етілетін құжаттар (сараптамалар) толық көлемде берілмеген/ұсынылмаған, сондай-ақ егер Клиент, қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлға (Кепіл беруші, Кепілгер, Кепілгер) ұсынған ақпарат және/немесе құжаттар, оның ішінде Қамтамасыз ету бойынша құжаттар шындыққа сәйкес келмейді және/немесе толық емес;
- егер Клиент, қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлға (Кепіл беруші, Кепілгер, Кепіл болушы) заңнаманы бұзып жатса/бұзған болса, үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерін бұзса, үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерін бұзса, көрсетілген тұлғалардың Банк алдындағы өз міндеттемелерін бұзуына әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін қаржы-шаруашылық қызметі тоқтатыла тұрған/тоқтатылған (оның ішінде кез келген рұқсат беру құжаттарының қолданылуы тоқтатыла тұрса/тоқтатылса);
- Егер қаржыландыру шартына, қамтамасыз ету шартына біреу дау айтатын болса немесе біреу қамтамасыз етуге (оның ішінде мемлекет мұқтажы үшін қамтамасыз етуді алып қоюға (сатып алуға) байланысты) талаптар қоятын болса, егер бағалау (қайта бағалау) нәтижелері бойынша кепіл мүлкінің құны төмендесе/төмендеп жатса, қамтамасыз етудің жай-күйі нашарласа немесе ол жоғалса, Банкте кез келген себептер бойынша қамтамасыз етудің бар болуын, жай-күйін, сақтау шарттарын тексеру мүмкіндігі жоқ немесе осындай қауіп болса;
- егер Клиентте, қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғада (Кепіл берушіде, Кепілгерде, Кепіл болушыда), оның ішінде осы тармақшада көрсетілген тұлғалармен туыстық немесе өзге де қатынаста болатын байланысты, үлестес болып табылатын тұлғаларда үшінші тұлғалар алдында Лимиттен 50 және одан көп % құрайтын сомаға міндеттеме туындаған болса/туындаса немесе бұған нақты қауіп болса;
- егер Қаржыландыру шартын, Қамтамасыз ету шартын жасасуды бұған уәкілеттік берілген тұлғалар және(немесе) Клиенттің, қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғаның (Кепіл берушінің, Кепілгердің, Кепіл болушының) органдары мақұлдаса, оның ішінде қажетті келісімдер, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік және өзге де органдардың/ұйымдардың рұқсаттары алынбаса;
- егер Клиентті, қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғаны (Кепіл берушіні, Кепілгерді, Кепілгерді) қайта ұйымдастыру, тарату, оңалту, банкроттық (оның ішінде соттың шешімі бойынша банкроттықта қолданылатын рәсімдердің кез келгенін енгізу) көзделсе;
- егер Клиенттің Стандартты шарттарды, Қаржыландыру талаптарын орындауына қауіп төндіретін, кейінге қалдыратын немесе кедергі келтіретін мынадай жағдайлар туындаса: (1) мүлікке тыйым сала отырып, Клиенттің лауазымды адамдарына, атқарушы органына қарсы қылмыстық іс қозғау, (2) Клиентті ұсынылған Қаржы құралдары бойынша міндеттемелер сомасына тең шаманы құрайтын талап қою сомасымен жауапкер ретінде сот процесіне тарту, (3) уәкілетті органның Клиенттің қызметін тоқтата тұруы, (4) егер Клиенттің қызметі лицензияланатын болса немесе рұқсат беру құжаттарына байланысты/тәуелді болса, лицензияны, өзге рұқсат беру құжаттарын кері қайтарып алу немесе тоқтата тұру;
- егер БКК-тің қолданылу кезеңі ішінде Клиент екінші деңгейдегі банктердегі Клиентті қаржыландырудың жалпы сомасымен салыстырғанда, қоса алғанда, бірақ онымен

шектелмей, Банктегі қаржыландыру сомасына тепе-тең сомадан кем емес мөлшерде Банкте ашылған банктік шоттар бойынша ай сайынғы айналымдарды қамтамасыз етпесе:

а) Басқа банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы банктік шоттардан Клиенттің өз қаражатын банктегі банктік шоттарына аудару сомасын қоспағанда, Клиенттің кредиттік айналымымен;

б) бұл ретте Банк Клиентке берген қарыздарды айырбастау кезінде валюта айырбастау операцияларын және осындай қарыздарға қызмет көрсетуге байланысты валюта айырбастау операцияларын қоспағанда, Банкте ашылған банк шоттары арқылы валюта айырбастау операцияларымен.

Тараптар осы тармақшаны орындау мақсаттары үшін Клиент Банкте ашылған Клиенттің деректемелерін қамтитын шартқа (шарттарға)/ келісімшартқа (келісімшарттарға) қосымша келісім (-дер) ресімдейтініне және Банкке ұсынатынына, сондай-ақ деректемелерді көрсете отырып, жаңа шарттар/ келісімшарттар жасасатынына келіседі.

Тараптар осы тармақшаның мақсаттары үшін басқа валютадағы (ұлттық валютадан басқа) айналымдар операция жасалған күнгі ҚРҰБ бағамы бойынша долларлық баламада ескерілетіндігімен келіседі;

23) өзге Қаржы құралдарын ұсынған кезде Қаржыландыру шартының және/немесе Стандартты шарттардың талаптарын Клиент үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту;

24) Клиентке Қаржыландыру шартын орындауға байланысты қосымша талаптар қою;

25) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, оның ішінде Клиент күдікті ретінде сыныпталатын операцияларды жасаған кезде не Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің операцияларын тоқтата тұрған кезде біржақты тәртіпте Қаржыландыру шартын орындаудан ішінара немесе толық бас тарту және іскерлік қатынастарды тоқтату;

26) Қаржыландыру шартында және/немесе Стандарттық шарттарда көзделген өзге де құқықтарды іске асыру.

8.2. Егер төменде көрсетілгендер Клиентке қатысты болса, Клиент құқылы:

1) Қаржыландыру шартын жасасу үшін Банкке жазбаша өтініш жасау;

2) Қаржыландыру шартының талаптарын сақтай отырып, негізгі борышты және есептелген сыйақыны қоса алғанда, ұсынылған Қаржы құралдары бойынша борышты/оның бөлігін мерзімінен бұрын өтеу;

3) Клиент- кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлға – міндеттемені орындау мерзімін кешіктірген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Банкке бару Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктірудің туындау себептері, кірістері және Қаржыландыру шартының талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішіне негіз болатын басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын жазбаша өтініш, оның ішінде мыналармен байланысты мәліметтерді ұсыну:

– Қаржыландыру шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгертумен;

– шетел валютасында берілген негізгі борыштың қалдық сомасының валютасын ұлттық валютаға өзгертумен;

– негізгі борыш және / немесе сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдырумен;

– берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертумен;

– Қаржыландыру шартының қолданылу мерзімін өзгертумен;

– мерзімі кешіктірілген негізгі борышты және/немесе сыйақыны кешірумен, тұрақсыздық төлемін (айыппұлды, өсімақыны) талап етпеумен;

– "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабында көзделген тәртіппен ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті кепіл берушінің дербес өткізумен;

– Банкке кепіл мүлкін беру жолымен Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту ұсынумен;

– сатып алушыға Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемені бере отырып, ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізумен;

4) Қарыз ұсынған кезде:

а) егер өтеу кестесінде белгіленген соманы өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық төлемін және айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей соманы төлеу жүргізуге;

б) өтініш бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, өтеусіз, айына 1 (бір) реттен жиі емес жазбаша нысанда Қаржыландыру шарты бойынша борышты өтеу есебіне түсетін кезекті ақшаны бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне, айыппұлдарға және төленуге жататын басқа да сомаларға/Кепілдік сомасына, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне, айыппұлдарға және төленуге жататын басқа да сомаларға) туралы ақпаратты алуға;

в) Банкке Қаржыландыру шарты бойынша берілген ақшаны ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініш бойынша – тегін, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларға бөле отырып, қайтарылуға тиісті соманың мөлшері туралы мәліметтерді жазбаша нысанда алуға;

г) бір жылға дейінгі мерзімге берілген Қарызды алған күннен бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін, 1 (бір) жылдан астам мерзімге берілген Қарызды алған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін тұрақсыздық төлемін және айыппұл санкцияларының басқа түрлерін төлемей негізгі борышты (толық көлемде немесе ішінара) өтеуге;

д) Клиент үшін Қаржыландыру шартының талаптарын жақсарту жағына қарай өзгерту туралы хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Стандартты шарттарда көзделген тәртіппен Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тартуға;

е) Ипотекалық Қарыз алған, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға клиент – Қаржыландыру шартынан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу үшін банк омбудсманына жүгінуге;

5) көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банкке жазбаша жүгіну және жауап алуға;

б) Кепілдік/Қарсы кепілдік беру кезінде:

а) Банкке Кепілдіктің/Қарсы кепілдіктің және Қаржыландыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні қалғанда Кепілдіктің/Қарсы кепілдіктің және Қаржыландыру шартының қолданылу мерзімін ұзарту туралы негізделген жазбаша өтінішхатпен жүгінуге;

б) Банкке Кепілдіктің/Қарсы кепілдіктің түпнұсқасын және/немесе Бенефициардың Банкке Кепілдік / Қарсы кепілдік бойынша ешқандай талаптары жоқ екенін растай отырып, Бенефициардан хатты ұсыну арқылы Қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауға;

7) Қаржыландыру шартында және/немесе Стандарттық шарттарда көзделген өзге де құқықтарды іске асыруға.

9. Банктің және Клиенттің міндеттемелері

9.1. Банк міндеттенеді:

1) кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлға клиентпен Қаржыландыру шарты жасалғанға дейін – Қарызды өтеу әдісін таңдау үшін Қаржыландыру шартында белгіленген кезеңділікпен, мынадай өтеу әдістерімен жеке тұлғаларға банктер және ҚРҰБ белгілеген осындай қарыздар бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базалар беретін қарыздар бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемесіне сәйкес есептелген қарызды өтеу кестесінің жобаларын ұсынуға;

– Берешекті өтеу негізгі борыш және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша төлемдердің тең сомаларын қамтитын азайтылатын төлемдермен жүзеге асырылатын сараланған төлемдер әдісімен;

– Берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын қаржы құралының бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылатын аннуитеттік төлемдер әдісімен. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері әртүрлі болуы мүмкін.

Банк Қарыз алушыға Банктің ішкі ережелерінде осындай талаптар болған жағдайда ішкі ережелерге сәйкес есептелген қарызды өтеудің қосымша әдістерін ұсынады.

Қаржыландыру шартына қарызды өтеу кестесі қоса беріледі. Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар Қаржыландыру шарты бойынша қарызды өтеу кестесі оны беру күнінде жасалады және кейіннен кезекті төлемдердің мөлшері түзетіледі және Қаржыландыру шартында белгіленген тәртіппен Клиенттің назарына жеткізіледі. Тараптардың келісімі бойынша Банк өзінің ішкі қағидаларына сәйкес сараланған және аннуитеттік төлемдер әдістерімен банктік қарызды өтеу кестелерінің жобаларын есептеу кезінде қолданылатын кезеңділікпен есептелген қарызды өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсынады.

2) Клиенттің өтініші бойынша айына бір реттен жиі емес үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Қаржыландыру шарты бойынша берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаны бөлу (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларға) туралы ақпаратты жазбаша нысанда өтеусіз беруге;

3) Клиенттің Қаржыландыру шарты бойынша берілген ақшаны ішінара немесе толық мерзімінен бұрын Банкке қайтару туралы өтініші бойынша тегін, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оған негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларға бөлінген, қайтарылуға тиісті соманың мөлшерін хабарлауға.

Осы тармақшаның ережесі Қаржыландыру шарты жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткен соң негізгі борышты мерзімінен бұрын қайтару жағдайларына қолданылады және Банк қарызды мерзімінен бұрын қайтаруға келіскен жағдайларда немесе егер бұл шартта көзделсе, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 722-бабы 1-тармағының төртінші бөлігіне сәйкес қолданылады;

4) Клиентке Қаржыландыру шарты талаптарының жақсарту жағына қарай өзгергені туралы Стандартты шарттарда көзделген тәртіппен хабарлауға;

5) міндеттемені орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, бірақ ол басталған күннен бастап жиырма күнтізбелік күннен кешіктірмей Клиентке Стандартты шарттарда көзделген тәсілмен және мерзімдерде мыналар туралы хабарлауға:

– Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін кешіктірудің туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі кешіктірілген берешектің мөлшерін көрсете отырып, Қаржыландыру шарты бойынша төлемдер енгізу қажеттігі туралы;

– заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға клиенттің Қаржыландыру шарты бойынша Банкке жүгіну құқығы туралы;

– Клиенттің Қаржыландыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы;

6) Клиенттің жазбаша өтінішіне жазбаша жауапты қарастыру және дайындауға;

7) кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлға клиенттің жазбаша өтінішін алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Қаржыландыру шартының талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарауға және жазбаша нысанда не Стандартты шарттарда көзделген тәсілмен клиентке мыналар туралы хабарлауға:

– Қаржыландыру шартының талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы;

– Қаржыландыру шартының талаптарын өзгерту жөніндегі өз ұсыныстары туралы;

– мұндай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Қаржыландыру шартының талаптарын өзгертуден бас тарту туралы;

8) Шарт бойынша Банк құқығының (талабының) үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған шартты (бұдан әрі – Талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасасу кезінде Клиентті (немесе оның уәкілетті өкілін) мыналар туралы хабардар етуге:

– талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Клиенттің дербес деректерін Стандартты шарттарда көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен өңдеу туралы;

– талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде үшінші тұлғаға қарызды өтеу бойынша одан арғы төлемдердің тағайындалуын (қаржыландыру шарты бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және орналасқан жері), берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық төлемінің (айыппұлдың, өсімақының) және төленуге жататын басқа да мерзімі кешіктірілген және ағымдағы сомалардың қалдықтарын және басқа төленуі тиіс сомаларды көрсетумен Стандарттық шарттарда көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға құқықтың (талап етудің) өткені туралы;

Банк қаржыландыру шарты бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында Банктің қаржыландыру шарты шеңберіндегі Клиентпен өзара қарым-қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер Клиенттің құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады;

9) Қаржыландыру шартында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Клиент қаржыландыру шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Қаржыландыру шартында айтылған сомада, мерзімде және талаптарда қаржы құралдарын беруге;

10) Қаржыландыру шартында және/немесе Стандарттық шарттарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің барлық операциялары, оның шоттарының жай-күйі бойынша және Банкке белгілі болған, банктік құпияны құрайтын басқа да мәліметтер бойынша құпияны сақтауға.

9.2. егер төменде көрсетілгендер Клиентке қатысты болса, Клиент міндеттенеді:

1) Қаржы құралдарының сомасын толық және уақтылы өтеуді, оларды пайдаланғаны үшін есептелген сыйақыны, қаржы құралының валютасында тарифтерге сәйкес қаржыландыру шарты бойынша төленуге жататын комиссияларды, өзге де төлемдерді, тұрақсыздық төлемін (өсімақыларды, айыппұлдарды) төлеуді және Қаржыландыру шартының талаптарын орындамау/тиісінше орындамау нәтижесінде Банкке келтірілген залалдарды мерзімінде және уақтылы, Қаржыландыру шарттарында және/немесе стандартты талаптарда көзделген мөлшерде өтеуді қамтамасыз етуге;

2) Қаржы құралдарын, есептелген сыйақыны (оның ішінде мерзімі кешіктірілген негізгі борышқа) өтеу мерзімі кешіктірілген кезде Банкке Қаржыландыру шартында белгіленген мөлшерде тұрақсыздық төлемін (өсімақы) төлеуге;

3) Қаржы құралының талаптары өзгерген жағдайда, егер осындай комиссияны алу көзделсе, ұсынылған қаржы құралының талаптарын өзгерткені үшін Қаржыландыру шартының талаптарында айқындалған мөлшерде комиссия төлеуге;

4) Қаржыландыру шартында және/немесе стандарттық талаптарда көзделген жағдайда, Клиент Банк ұсынатын өзгерістермен және/немесе толықтырулармен келіспеген жағдайда, Қаржыландыру шартының талаптарын өзгерту және/немесе толықтыру туралы Банктің ұсынысын (хабарламасын) алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде – Банкке Қаржыландыру шарты талаптарының өзгерістерінен және/немесе толықтыруларынан бас тартуды қамтитын жазбаша жауап беруге, ал Клиент Банк ұсынатын өзгерістермен және/немесе толықтырулармен келіскен кезде – Қаржыландыру шартына қосымша келісім жасасуға;

5) Қаржыландыру шартында және/немесе Стандарттық талаптарда белгіленген мерзімдерден кешіктірмей, өзінің ағымдағы шотында немесе басқа банктік шоттарында Қаржыландыру шартының талаптарына сәйкес төленуге тиісті сомаларды өтеу үшін қажетті ақша сомасының болуын қамтамасыз етуге;

6) Қаржы құралдарының сомаларын уақтылы және толық өтеуге және егер мұндай сыйақы Қаржыландыру шартында көзделсе, олар бойынша есептелген сыйақыны төлеуге әсер етуі

мүмкін барлық мән-жайлар туралы Банкке уақтылы хабарлауға, сондай-ақ Клиенттің қаржыландыру шарты бойынша өзге де міндеттемелерін тиісінше орындауға;

7) Банктің барлық операциялық, пошта-телеграфтық шығыстарын, айырбастау бойынша шығыстарын және қаржы құралдарына қызмет көрсетуге байланысты басқа да шығыстарын төлеуге;

8) Банктің Қаржыландыру шартына байланысты, оның ішінде Клиенттің қаржыландыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауы (тиісінше орындамауы) нәтижесінде шеккен, мыналарды қоса алғанда және олармен шектелмей келесідей шығыстарын төлеуге (залалды өтеуге):

– егер заңнамада өзгеше көзделмесе, кепілге салынған мүлікті соттан тыс өткізу рәсімдерін жүргізуге, оның ішінде қамтамасыз ету құнын бағалауды жүргізуге байланысты;

– кепілге салынған мүлікті сақтау бойынша, оның ішінде коммуналдық қызметтер, жалға алу, күзету және т. б.;

– нотариаттық қызметтер (Банктің қаржыландыру шарты бойынша өз талаптарын қанағаттандыру үшін қажетті Қаржыландыру шартының көшірмелерін куәландыруды қоса алғанда);

– берешекті өндіріп алу кезінде Банкте туындаған, сондай-ақ қаржы құралдарына қызмет көрсетуге байланысты кез келген басқа құжатпен расталған шығыстар (залалдар), оның ішінде контрагент банктер мен корреспондент банктер тарапынан қойылған комиссиялар, сыйақы мөлшерлемелері, өсімақылар, айыппұлдар.

Банк пен Клиент осы тармақшада көрсетілген шығыстар сомасы Стандартты шарттардың 8.1-тармағының 20) тармақшасының г) абзацында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен алынуы мүмкін екендігімен келіседі;

9) заңды тұлға клиенттің мекенжайы, пошта және банк деректемелері, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы, тұрғылықты жері, жұмыс орны, пошта, банк деректемелері, телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы өзгерген кезде, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлға клиенттің дербес деректері, жеке куәлігінің деректері және басқа да құжаттары өзгерген кезде, егер заңнамада өзгеше мерзім көзделмесе, Банкке мұндай өзгерістер туралы көрсетілген өзгерістер басталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хабарлауға. Хабарламаған және / немесе уақтылы хабарламаған жағдайда ықтимал салдарлар үшін жауапкершілікті Клиент көтереді;

10) егер Қаржыландыру шартын жасасқаннан кейін (төменде көрсетілген мән-жайлар Клиентке қатысты болған жағдайда):

а) Клиент Банкпен ерекше қатынастармен байланысты болады және/немесе оның Банкпен ерекше қатынастармен байланысты екендігі туралы ақпарат пайда болса (уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес) және/немесе Клиентте тәуекел мөлшері Банкпен ерекше қатынастармен байланысты бір қарыз алушыға ретінде есептелетін Банк қарыз алушыларынан тұратын топқа оның кіретіні туралы ақпарат пайда болса, 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банкке хабарлауға және Банк көрсеткен мерзімде Банк көрсеткен қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға немесе Банк көрсеткен мөлшерде қарызды/оның бір бөлігін мерзімінен бұрын қайтару туралы Банктің талабын орындауға;

б) Клиентте ол Банктің екі немесе одан да көп қарыз алушыларынан тұратын, егер Топтың қарыз алушыларының әрқайсысының тәуекел мөлшері Банктің меншікті капиталының 0,05 пайызынан асатын болса, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес тәуекел мөлшері бір Қарыз алушыға ретінде есептелетін Топқа кіретіні туралы ақпарат пайда болса, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 «Пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері мен есеп айырысу әдістемелерін және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, банк капиталының мөлшерін және ашық валюталық позицияның есеп айырысу ережелері мен лимиттерін белгілеу туралы» қаулысымен көзделген мән-жайлардың бірі болған кезде:

5 (бес) жұмыс күні ішінде Банкті хабардар етуге, сондай-ақ Банк талабы бойынша міндеттемелердің бір бөлігін Банк көрсеткен мөлшерге дейін орындауға;

11) Банкке қаржы құралдарын алуға және оларға қызмет көрсетуге байланысты, сондай-ақ Клиенттің/Кепілгердің/Кепіл болушының төлем қабілеттілігін/қаржылық жай-күйін, оның даму перспективаларын айқындауға және Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау үшін қажетті анық мәліметтер мен құжаттарды беруге (жұмысқа орналасу туралы анықтамалар, кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлға клиенттің және/немесе Кепілгер/Кепіл болушы болып табылатын жеке тұлғаның жалақы мөлшері туралы анықтамалар және басқалары);

12) оларды ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде үшінші тұлғалардың Клиенттің және/немесе кепіл берушінің мүлкіне, оның ішінде Банкке кепілге берілген мүлікке талаптар қойғаны туралы Банкті хабардар етуге;

13) төменде көрсетілген іс-қимыл күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын дереу Дефолттың не Әлеуетті дефолттың не Кросс-дефолттың мән-жайлары туралы, сондай-ақ төмендегілер туралы Банкке жазбаша түрде хабарлауға: (1) өзінің қаржылық жағдайы туралы, оның ішінде өзінің қаржылық жағдайының нашарлауы туралы, Банкке Клиенттің өзінің кез келген қызметінен түскен кірістерін көрсететін және растайтын құжаттарды ұсынуға; (2) Клиенттің, қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғаның (Кепіл берушінің, Кепілгердің, Кепіл болушының) Банк алдындағы міндеттемелерді тиісінше орындауына қатер төндіретін немесе теріс әсер етуі мүмкін мән-жайлар туралы, оның ішінде Банкке кепілге салынған мүлікті алып қою туралы ақпарат, құжаттар беруге; (3) Клиентті және/немесе қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғаларды (Кепіл берушіні, Кепілгерді, Кепіл болушыны) болжамды тарату туралы (оның ішінде болжамды қайта ұйымдастыру туралы); (4) Клиенттің және (немесе) қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғаның (Кепіл берушінің, Кепілгердің, Кепіл болушының) мүлкіне тыйым салу (банк шоттары бойынша тыйым салуды қоса алғанда) туралы; (5) құрылтай құжаттарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу, Клиентті қайта тіркеу (Банктің алдын ала жазбаша келісімінен кейін жүзеге асырылуы мүмкін, жиынтығында Клиенттің жарғылық капиталында 10 және одан да көп % иеленетін акционерлер/қатысушылар құрамын өзгертуді қоспағанда) туралы;

14) Банк қаржы құралын, есептелген сыйақыны, комиссияларды, Қаржыландыру шарты бойынша төленуге жататын өзге де төлемдерді мерзімінен бұрын қайтару жөнінде талап қойған жағдайда, оларды Банк белгілеген мерзімде толық көлемде орындауға;

15) Банк Кепілдік бойынша қандай да бір төлемдерді жүзеге асырған жағдайда, Клиент Банк белгілеген мерзім ішінде Кепілдік бойынша Банк төлеген ақша сомасын бір мезгілде толық өтеуге, ал осы міндеттеме орындалмаған жағдайда-Қаржыландыру шартын және тиісті қамтамасыз ету шарттарын жасасу күнінде қолданыста болатын Банкке кредит беру талаптарына сәйкес сыйақы мөлшерлемесін белгілей отырып, тиісті Қаржыландыру шартын жасасу арқылы Банк жүргізген төлемдер сомасына қарыз ресімдеуге. Клиент көрсетілген міндеттемені орындамаған жағдайда, бұл мән-жай Клиенттің Қаржыландыру шарты бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамауы ретінде қаралатын болады;

16) талаптарды, міндеттемелерді тиісінше орындауға және Қаржыландыру шартының ерекше талаптарында көзделген және/немесе Банк Клиентке жіберген, Қаржыландыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын және Клиент сөзсіз түрде орындауы тиіс ескертулерді (олар болған кезде) жоюға;

17) Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін ұсынылатын қамтамасыз ету ішінара немесе толық жоғалған (бұған нақты қатер төнген), сондай-ақ кепіл нысанасы Клиенттің немесе Кепілзат берушінің иелігінен шыққан, бағалау туралы есеп негізінде айқындалған қамтамасыз ету құнының 10 (он) және одан да көп пайызына азайған жағдайда, Банкке Банк қажетті, қолайлы және жеткілікті деп есептейтін нысандар мен көлемде Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді орындаудың қосымша кепілдіктерін беруге;

18) Қаржыландыру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде басқа банктердегі барлық шоттар туралы, Қаржыландыру шарты жасалғаннан кейін ашылған шоттар туралы – ашылған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Банкке жазбаша хабарлауға;

- 19) Банк айқындаған мерзімде Қаржы құралының нысаналы пайдаланылуын растайтын құжаттарды ұсынуға (егер Қаржыландыру шартында ұсынылған Қаржы құралы бойынша нысаналы мақсат көзделген жағдайда);
- 20) Банк қызметкерлерін жобаларды іске асыру орнына, қызметтік, өндірістік, қоймалық және басқа үй-жайларға тексеру жүргізу үшін, оның ішінде кепіл затының жай-күйі мен ұстау шарттарына тексеру жүргізу үшін кіргізуге. Тексерулердің санын және олардың мерзімдерін Банк дербес айқындайды және Клиентпен келісілмейді;
- 21) Банк көрсеткен мерзімде (бірақ Банк хабарлаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей): (1) Қамтамасыз етуді тиісті түрде ресімдеу, оның ішінде үшінші тұлға (Кепіл беруші, Кепілгер, Кепіл болушы) ұсынатын қамтамасыз етуді тиісінше ресімдеуді қамтамасыз етуге; (2) Банкке осындай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын ұсына отырып, мүлікті заңдастыру және тіркеу (қайта жаңартуды, қайта жоспарлауды, қайта жабдықтауды, қайта бейіндеуді, нысаналы мақсатын өзгертуді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) бойынша барлық қажетті іс-әрекеттерді жасауға, ал егер мұндай өзгерістер үшінші тұлғаның (тұлғалардың) мүдделерін қозғайтын болса, онда көрсетілген тұлғалардың заңда белгіленген тәртіппен ресімделген келісімін, рұқсат-(тар)ын Банкке беруге;
- 22) Қаржыландыру шарты қолданылатын барлық уақытта Банкке Клиент банк алдында орындамаған міндеттемелерді қамтамасыз ететін мүлікке құқық белгілейтін, сәйкестендіру, техникалық және өзге де құжаттардың түпнұсқаларын беруге;
- 23) Қаржы құралы берілгенге дейін Клиенттің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заңның 8-1-бабының 2-тармағында көзделген шарттардың біріне сәйкестігі туралы ақпаратты ашатын құжаттар ұсынуға. Клиент көрсетілген құжаттар және/немесе ақпарат кез келген өзгерген кезде Банктің талаптарын қанағаттандыратын, осындай мәліметтерді ашатын құжаттарды ұсына отырып, бұл туралы Банкке дереу хабарлауға;
- 24) егер Қаржы құралын ұсыну кезінде Банк Клиенттің нұсқауы бойынша қарыз қаражатын басқа банктегі шотқа аударуды жүзеге асырса, Клиент өз есебінен, Банк тиісті операцияны жүзеге асырған күннен кешіктірмей, Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес ақша аударымы және/немесе айырбастау, Банктің өзге де қызметтері бойынша операцияның құнын төлеуге міндеттенеді;
- 25) Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз Қаржыландыру шарттары бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаға бермеуге;
- 26) Кепілдік/Қарсы кепілдік және Аккредитив бойынша кез келген және әрбір талапты орындау үшін қажетті ақша сомасын өз есебінен, уақтылы және толық көлемде, алынған Кепілдікке / Қарсы кепілдікке және ашылған Аккредитивке байланысты шығыстар мен шығыстарды төлеуді қамтамасыз етуге;
- 27) Банктің бірінші талабы бойынша дереу:
- Кепілдік/Қарсы кепілдік бойынша соңғысы төлеген ақша сомасын, Кепілдікке/Қарсы кепілдікке байланысты шығыстарды аудару/өтеуге, сондай-ақ Банк Клиентке барлық/кез келген шараларды, оның ішінде Стандартты шарттарда, Қаржыландыру шартында белгіленген шараларды сөзсіз қолдана отырып, берілген Кепілдік/Қарсы кепілдік бойынша комиссияларға өз есебінен ақы төлеуді жүргізуге;
 - Банк белгілеген тәртіппен және шарттарда Банкпен тиісті қаржыландыру шартын жасасуға
 - егер Банк Клиенттің Кепілдік/Қарсы кепілдік және/немесе Аккредитив бойынша орындалған міндеттеме бойынша борышты, оның ішінде Банк шеккен шығыстарды, оны Банк Клиентке беретін қарыз есебінен орындауға байланысты шығындарды өтеу туралы шешім қабылдаса, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес Банк «тиісті» деп жіктейтін қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға;
 - Кепілдік/Қарсы кепілдік және/немесе Аккредитив бойынша сома және/немесе мерзім ұлғайған кезде (Банктің келісімімен) Банкпен соңғысы талап ететін барлық құжаттарды жасасуға және ұсынылған Кепілдік/Қарсы кепілдік және/немесе ашылған Аккредитив бойынша осындай өзгерістерге байланысты Банкке тиесілі барлық комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеуге;

28) берілген Кепілдік сомасы және/немесе мерзімі азайған кезде, сондай-ақ Бенефициар берілген Кепілдікті/Қарсы кепілдікті қабылдамаған және/немесе міндеттемелерді тоқтатқан немесе Клиент ұсынылған Кепілдікпен/Қарсы кепілдікпен және/немесе ашылған Аккредитивпен қамтамасыз етілген міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындаған жағдайда, төленген комиссияларды қайта есептеуді және/немесе қайтаруды талап етпеуге;

29) Банк Кепілдік/Қарсы кепілдік берген конкурстық өтінімнің/Шарттың/келісімшарттың қолданылу мерзімін Банктің жазбаша келісімінсіз ұзартпауға;

30) Стандартты шарттар мен Қаржыландыру шартының барлық талаптарын мүлтіксіз сақтау және орындауға, оның ішінде қолжетімділік кезеңінде Кредиттік желіні уақтылы және толық көлемде пайдалануға, берешекті өтеуді жүзеге асыруға, Банкке шығыстар мен шығындарды өтеуге, толық және дұрыс ақпаратты, құжаттарды, оның ішінде Қаржыландыру шарты жасалғанға дейін Банкке ұсынылатын құжаттарды көрсету/ұсынуға; Қаржы құралын Банк басқа валютада мақұлданған, бірақ Клиентке берілмеген (ұсынылмаған) қаржы құралы бойынша анықталған валютада алуға; егер Банк өзгеше тікелей көрсетпесе, Банк қаржыландыру шарты, Банкпен жасалған кез келген басқа шарттар бойынша беретін қаржыландыру есебінен Берешекті өтеуді жүзеге асырмауға; Қаржыландыру шарты бойынша қаржылық міндеттемелерді Қаржыландыру шартын жасасу күніне де, Қаржыландыру шартының қолданылу кезеңінде де туындайтын барлық басқа қаржылық міндеттемелерге қатысты бірінші кезектегі тәртіппен орындауға;

31) ***Кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлға клиент:***

а) Банктің алдын ала жазбаша келісімін алғаннан кейін ғана келесі әрекеттерді жүзеге асыруға:

– дербес немесе кез келген үшінші тұлғалармен бірлесіп заңды тұлға құруға, заңды тұлғалардың акцияларын және/немесе жарғылық капиталға қатысу үлесін (сатып алынатын акциялардың санына және/немесе жарғылық капиталға қатысу үлесінің мөлшеріне қарамастан) дербес немесе кез келген үшінші тұлғалармен бірлесіп сатып алу;

– үшінші тұлғалардың басқа екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар алдындағы міндеттемелері бойынша мүлкті кепілге/кепілдікке/кепілгерлікке беруге, сондай-ақ Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін, ұқсас заңды табиғатпен өзге де мәмілелер жасау;

– өзінің заңды тұлға құрмай жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметін тоқтатуға және Қаржыландыру шарттарының талаптарын тиісті түрде орындауды күрделендіруі мүмкін іс-әрекеттерді орындау;

– үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша бірлесіп қарыз алушы ретінде шығуға;

б) төменде көрсетілген іс-әрекеттер күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Банкке мыналар туралы жазбаша түрде хабарлауға:

– қызметі тұтастай немесе оның жекелеген операциялары үшінші тараптың басқаруында болатын консорциумға (бірлестікке, келісімге) кіру ниеті туралы;

– технологиялық процесте және өндірістік көрсеткіштерде ірі өзгерістерді жүзеге асыру туралы;

в) Банкке тоқсан сайын, есепті тоқсанның соңғы айының 25-күнінен кешіктірмей Клиенттің үлестес және байланысты тұлғаларының өзекті тізілімін ұсынуға;

32) ***Заңды тұлға клиент:***

а) Банктің алдын ала жазбаша келісімін алғаннан кейін ғана келесі әрекеттерді жүзеге асыруға:

– Клиентті қайта ұйымдастыру, ерікті тарату;

– дербес немесе кез келген үшінші тұлғалармен бірлесіп заңды тұлға құру, заңды тұлғалардың акцияларын және/немесе жарғылық капиталға қатысу үлесін (сатып алынатын акциялардың санына және/немесе жарғылық капиталға қатысу үлесінің мөлшеріне қарамастан) дербес немесе кез келген үшінші тұлғалармен бірлесіп сатып алу;

– үшінші тұлғалардың басқа екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар алдындағы міндеттемелері бойынша мүлкті

кепілге/кепілдікке/кепілгерлікке беруге, сондай-ақ Клиенттің активтерінің және/немесе меншікті капиталының баланстық құнының 10 (он) пайызы мөлшеріндегі сомадан асатын және Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін ұқсас заңды табиғатпен өзге де мәмілелер жасасуға;

– үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша бірлесіп қарыз алушы ретінде шығуға;

б) төменде көрсетілген іс-әрекеттер күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Банкке мыналар туралы жазбаша хабарлауға:

– басқару органының, атқарушы органның, Клиент басшылығының құрамына өзгерістер енгізу ниеті туралы;

– Клиенттің жарияланған акцияларының санын азайту (жарғылық капиталының мөлшерін азайту) мәселесі бойынша Клиенттің жоғары органын шақыруға бастамашылық жасау туралы;

– қызметі тұтастай немесе оның жекелеген операциялары үшінші тараптың басқаруында болатын консорциумға (бірлестікке, келісімге) кіру ниеті туралы;

– технологиялық процесте және өндірістік көрсеткіштерде ірі өзгерістерді жүзеге асыру туралы;

33) Банкке келесі мерзімдерде мыналарды ұсынуға (төменде көрсетілгендердің Клиентке қолданылатынына байланысты):

– тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей, Клиенттің қаржылық есептілігі (№1, № 2, № 3 нысандар бойынша, негізгі баптардың түсіндірмесі және т.б.) (Клиент ҚР заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың оңайлатылған нысанын қолданған кезде ұсынылмайды);

– жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей жылдық есеп және салық декларациясының көшірмесі (Клиент ҚР заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың оңайлатылған нысанын қолданған кезде ұсынылмайды);

– жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей жылдық аудиттелмеген қаржылық есептілік, бар болса-онымен үлестес тұлғалардың аудиттелген есептілігі (Клиент ҚР заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың оңайлатылған нысанын қолданған кезде ұсынылмайды);

– есепті салық кезеңінен (жартыжылдықтан) кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірмей салық декларациясының көшірмесі (Клиент бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржылық есептілікті жасаудың оңайлатылған нысанын қолданған кезде ұсынылады);

– Банктің алғашқы талабын алған сәттен бастап 3 (үш) күннен кешіктірмей, Клиенттің төлем қабілеттілігін/қаржылық жай-күйін айқындау және міндеттемелерді тиісінше орындау үшін, оның ішінде мерзімі кешіктірілген берешек пайда болған кезде қажетті шындыққа сәйкес мәліметтер мен құжаттар;

– тоқсан сайын, есепті тоқсанның соңғы айының 25-күнінен кешіктірмей, Клиенттің үлестес және байланысты тұлғаларының өзекті тізілімі, ал заңды тұлға клиенттің құрылтай құжаттарына (және/немесе акционерлер тізіліміне) өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде – Клиенттің жарғылық капиталындағы жай акциялардың (қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленетін акциялардың (қатысу үлестерінің) барлық меншік иелері туралы ақпаратты ашатын құжаттар (егер қатысушы / акционер Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, онда бейрезидент Клиентті басқару құқығына уәкілетті тұлғаға берген заңдастырылған немесе апостильденген сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі);

– үлестестік (байланысты болу) туындаған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде өзі туралы және өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер, оның ішінде үлестестік (байланысты болу) тоқтатылғанға дейін өзі туралы және өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерге өзгерістер және/немесе толықтырулар;

– жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей қызметкерлердің саны/орташа жылдық саны туралы деректер (*Клиент ҚР заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың оңайлатылған нысанын қолданған кезде ұсынылмайды*);

– жыл сайын есепті жылдан кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірмей Банкке қызметкерлердің саны/орташа жылдық саны туралы деректер (*Клиент бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржылық есептілікті жасаудың оңайлатылған нысанын қолданған кезде ұсынылады*);

– қатысушылар/акционерлер құрамындағы өзгерістер және/немесе құрылтай құжаттарына өзгерістер/толықтырулар енгізілген кезден бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, құрылтай құжаттарының өзгерістерімен/ толықтыруларымен қоса растайтын құжаттар/көшірмелері;

34) басқа банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда, микроқаржы ұйымдарында және қарыздар, кепілдіктер, аккредитивтер беруді жүзеге асыратын өзге де ұйымдарда қарыздар, кепілдіктер, аккредитивтер алу (бұдан әрі – Басқа қаржыландыру) ниеті болған кезде, Банктің қарауы және оның келісімі не осы келісімді беруден бас тартуы туралы жазбаша жауабын алуы үшін Банкке оларды алу ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберуге. Банк осындай келісімді беруден бас тартқан және өзге де қаржыландыруды алған жағдайда, Клиент қаржыландыру шарты бойынша берешекті Банктің талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде толық көлемде мерзімінен бұрын өтеуге міндеттенеді;

35) жиынтығында Клиенттің жарғылық капиталындағы акцияларының/қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иеленетін клиенттің қатысушылары / акционерлері құрамын өзгерту ниеті болған кезде Банктің қарауы және осы Келісімді беруге келісімі не одан бас тартуы туралы оның жазбаша жауабын алу үшін жиынтығында Клиенттің акцияларының/жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің 10 (он) және одан да көп пайызын иеленетін Клиенттің қатысушыларының/акционерлерінің құрамын өзгерту ниеті туралы Банкке жазбаша хабарлама жіберуге. Банк осындай келісім беруден бас тартқан және жиынтығында акциялардың/жарғылық капиталға қатысу үлестерінің 10 (он) және одан да көп пайызын иеленетін Клиенттің қатысушылары/акционерлерінің құрамы өзгерген жағдайда, Клиент Қаржыландыру шарты бойынша берешекті Банктің талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде толық көлемде мерзімінен бұрын өтеуге міндеттенеді;

36) оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, Қамтамасыз ету шартына, Қаржыландыру шартына қосымша келісімдер жасасуға;

37) Қаржыландыру шартында сақтандыру шартын жасасу туралы талаптар болған кезде:

– Сақтандыру жағдайы басталғаны туралы Сақтандырушыны сақтандыру шартында және/немесе сақтандыру компаниясы Клиентке ұсынған өзге құжатта белгіленген мерзімнен кешіктірмей хабардар етуге;

– растаушы құжаттарды ұсына отырып, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Банкке хабарлауға;

– Қаржыландыру шартында көзделген тәртіппен сақтандыру шартының мерзімін ұзартуды қамтамасыз етуге. Сақтандыру шарты кредит берудің бүкіл мерзіміне жасалатын жағдайларды қоспағанда, осы талап бұзылған жағдайда Қаржыландыру шартында айқындалған мөлшерде тұрақсыздық төлемін (өсімпұл) төлеуге;

– егер сақтандыру шарты бойынша пайда алушы ретінде Банкке тиесілі және Қаржыландыру шарты бойынша Клиенттің берешек сомасын өтеуге бағытталған сақтандыру төлемі берешектің барлық сомасын жаппаған жағдайда, Банктің бірінші талабы бойынша берешектің қалған сомасын өз қаражаты есебінен өтеуге;

38) бұл қаржыландыру шартында көзделген жағдайда, Банкке кепіл затының (қайта жаңарту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау), бұзу, жер учаскесіндегі шаруашылық құрылыстарын салу және т. б.) өзгерістерін тіркеуге байланысты қамтамасыз ету шартына тиісті түрде тіркелген қосымша келісімді, сондай-ақ ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес келетін,

осындай өзгерістермен байланысты кепіл затына рұқсат беру, құқық белгілейтін, сәйкестендіру, техникалық құжаттарды беруге;

39) Банк берген қарызды Қаржыландыру шартында белгіленген мақсаттарға қатаң сәйкестікте пайдалануға;

40) Кепілдік алған кезде мыналарды толық және уақтылы төлемді қамтамасыз етуге:

– қаржыландыру шартында көрсетілген сомада және мерзімде кепілдікті пайдаланғаны үшін комиссияны;

– Қаржыландыру шартында көрсетілген сомада және мерзімде кепілдік алғаны үшін комиссияны;

– Қаржыландыру шартында және Стандартты шарттардың 4.5-тармағында көрсетілген сомада және мерзімде кепілдік талаптарын өзгерткені үшін комиссияны;

– төленген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Банктің Бенефициар алдындағы міндеттемелерін бұзғаны үшін Бенефициарға төленген тұрақсыздық төлемінің сомасын қоса алғанда, Банк бенефициарға төлеген соманы;

41) Кепілдік/Қарсы кепілдік алған кезде:

– 3 (үш) күн мерзімде Банкке растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Кепілдікпен/Қарсы кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалғаны туралы хабарлау;

– қамтамасыз ету үшін Кепілдік/Контгарант берілген келісімшарттың/шарттың/келісімнің талаптарында не Қаржыландыру шарты бойынша көзделген міндеттемелерді орындамаудың нақты не ықтимал жағдайлары туралы Банкке уақтылы хабарлау;

– Банк Клиенттің өтініші бойынша Кепілдіктерді/Қарсы кепілдіктерді беретін және/немесе Қаржыландыру шарты бойынша аккредитивтер ашатын үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерді тиісінше орындау.

10. Қарыз беру кезіндегі Банк үшін шектеулер, Клиент үшін шектеулер

10.1. Банк құқылы емес:

1) Клиентпен Қаржыландыру шартын жасасу күніне белгіленген Қарызға қызмет көрсету бойынша комиссиялар мен өзге де төлемдердің мөлшері мен есептеу тәртібін біржақты тәртіппен ұлғайту жағына өзгертуге;

2) Қаржыландыру шарты шеңберінде қарыздар жөніндегі комиссиялардың жаңа түрлерін біржақты тәртіппен енгізуге;

3) Клиентті, Кепіл берушіні сақтандыру ұйымын және/немесе бағалаушыны таңдауда шектеу, сондай-ақ Клиентке өз өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге;

4) мына жағдайларды қоспағанда, Қаржыландыру шарты шеңберінде жаңартылатын негізде/транштармен қарыз берілген не БКК бойынша Қаржыландыру желісі ашылған жағдайда, Қаржыландыру шарты шеңберінде жаңа қарыздар беруді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға:

а) Банктің жаңа қарыздар беруді жүзеге асырмау құқығы туындайтын, Стандартты шарттарда және/немесе Қаржыландыру шартында көзделген жағдайлар;

б) Клиенттің қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы өз міндеттемелерін бұзуы;

в) Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Клиенттің қаржылық жағдайының нашарлауы;

г) Банктің қаржыландыру шартын тиісінше орындауына әсер ететін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын өзгерту;

5) мына жағдайларды қоспағанда, біржақты тәртіппен Клиентпен қаржыландыру шартын жасасу күніне белгіленген сыйақы мөлшерлемесін ұлғайту жағына өзгертуге:

а) Клиент қарызды алумен және оған қызмет көрсетумен байланысты дұрыс ақпарат беру бойынша өз міндеттемелерін бұзған;

б) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда Банкте міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығының туындауы;

в) Банкке алдын ала жазбаша хабарламай, жиынтығында Клиенттің жарғылық капиталындағы акцияларының/қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иеленетін Клиенттің қатысушылары/акционерлері құрамының өзгеруі;

- г) Клиент және/немесе Кепілзат берушінің Кепілзат ұстаушы болып табылатын Банктің кепілге салынған мүліктің құжаттар бойынша және нақты бар болуын, мөлшерін, жай-күйі мен сақталу шарттарын тексеру құқығын бұзуы, сондай-ақ үшінші тұлғалардың Клиенттің (Кепілзат берушінің) мүлкіне, оның ішінде Банкке кепілге салынған мүлікке талаптар қоюы;
- б) 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 6 (алты) айға дейін, 1 (бір) жылдан астам мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап 1 (бір) жылға дейін негізгі борышты ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық төлемін немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін өндіріп алуға;
- 7) егер қарыз бойынша негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық төлемін (өсімақыларды, айыппұлдарды) өндіріп алу және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі;
- 8) Клиент үшін оларды жақсарту жағдайларын қоспағанда, Қаржыландыру шартының талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге.

10.2. Клиенттің Қаржыландыру шартын жасасқаннан кейін Кепілдікті/Қарсы кепілдікті толық немесе ішінара алудан бас тартуға құқығы жоқ.

11. Дефолт

11.1. Қаржыландыру шарты бойынша қоса алғанда және тек олармен шектелмей мынадай жағдайлардың кез келгені Дефолт болып саналады:

- 1) Клиент қаржыландыру шартында көзделген міндеттемелерді бұзғаны үшін транштың кез келген сомасын, сыйақыны, комиссияларды, төлемдерді немесе тұрақсыздық төлемін қоса алғанда, кез келген ақша сомасын мерзімінде төлемеген;
- 2) Клиент Қаржыландыру шарты бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді тиісті түрде орындамайды және/немесе бұзады немесе Клиент Банк Клиенттер үшін міндеттемелер қабылдаған үшінші тұлға алдында өз міндеттемелерін бұзды;
- 3) Клиент Банктің пікірі бойынша Клиенттің өз ақшасының/кірісінің сомасына қатысты айтарлықтай соманы құрайтын арыз сомасымен сот процесіне жауапкер/бірлескен жауапкер ретінде тартылды, және / немесе егер Клиенттің мүлкі мен оның банктік шоттарына тыйым салынса, олар бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрса, өзге де өндіріп алу қолданылса;
- 4) Клиент өзінің заңды мәртебесін өзгертті және / немесе оның қызметі іс жүзінде тоқтатылды, немесе Клиенттің қызметін тоқтату қаупі бар;
- 5) Клиент банкрот деп жарияланды;
- 6) Клиент Қарызды/Траншты Қаржыландыру шартында айқындалған нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбады/пайдаланбай жатыр;
- 7) Клиент кепіл затын бағалау туралы есепті ұсынған жоқ (не Кепілзат берушінің ұсынуын қамтамасыз еткен жоқ);
- 8) Кросс-дефолт жағдайларының кез келгенінің болуы;
- 9) егер клиентпен үлестес / байланысты үшінші тұлғалар Банкпен жасалған шарттар/келісімдер/өтініштер бойынша Банк алдындағы өз міндеттемелерінің ең болмағанда біреуін бұзса;
- 10) талап қою, жарамсыз деп тану туралы талап қою/арыз беру, Қаржыландыру шарттарын және/немесе қамтамасыз ету шарттарын жарамсыз деп тану қаупі;
- 11) Клиенттің/Кепілгердің/Кепіл болушының қаржылық жағдайының нашарлауы, қоса алғанда және шектелмей, Клиентте Банк алдында мерзімі кешіктірілген берешек қалыптасқан кезде және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған кезде;
- 12) Клиенттің және/немесе қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғалардың оның және/немесе олардың қаржылық жай-күйі туралы және/немесе Қаржыландыру шарттарына сәйкес қаржыландырылатын кредиттік жобаның іске асырылуы туралы, Клиентте және/немесе үшінші тұлғада Қаржыландыру шарты бойынша Клиенттің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде ұсынылған мүліктің болуы туралы шындыққа сәйкес емес ақпаратты, құжаттарды, есептілікті ұсыну жағдайларын анықтау;

13) үшінші тұлғалардың Қаржыландыру шарты бойынша қамтамасыз ету болып табылатын мүлікке талаптар қоюы;

14) клиенттің және/немесе Кепіл берушінің/Кепілгердің/Кепіл болушының-жеке тұлғаның; жалғыз қатысушының/акционердің немесе клиенттің және/немесе Кепілзат берушінің/Кепілгердің/Кепіл болушының-заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның қайтыс болуы немесе хабар-ошарсыз кетуі;

15) Клиенттің банк алдындағы міндеттемелерін бұзуына әкеп соғуы мүмкін заңнаманы бұзуы;

16) клиенттің және/немесе Кепілзат берушінің/Кепілгердің/Кепіл болушының-жеке тұлғаның; клиенттің және/немесе Кепілзат берушінің/Кепілгердің /Кепіл болушының-заңды тұлғаның бірінші басшысының және/немесе қатысушысының, акционерінің (дауыс беретін акцияларының/үлестерінің жалпы санынан 10 (он) пайыз және одан астам үлесі бар) азаматтығының өзгеруі және/немесе аталған адамдардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге уақытша немесе тұрақты тұруға кетуі;

17) Банкке жеке деректер бойынша берілген кез келген келісімді кері қайтарып алу, біреудің олардың шынайылығына дау айтуы, Банкке Дербес деректер бойынша берілген келісімнің кез келгенін жарамсыз деп тану, Банктің Банкке берілген Дербес деректер субъектілерінің-жеке тұлғалардың дербес деректерін пайдалана алмауы (оның ішінде оларды жою, оқшаулау, иесіздендіру және т. б. нәтижесінде), Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке шаралар қолдану;

18) Клиенттің өз қызметінің негізгі және/немесе қосымша түрін жүзеге асыруға берілген рұқсатын және/немесе лицензиясын, патентін немесе өзге рұқсат құжаттарын тоқтата тұру немесе кері қайтарып алуы;

19) заңнамада және / немесе Қаржыландыру шартында көзделген жағдайларда Клиенттің экологиялық сараптама қорытындысын уақтылы бермеуі не беруден бас тартуы;

20) Клиенттің Қаржыландыру туралы шешім қабылдау үшін Банкке ұсынылған бизнес-жоспарды немесе техникалық-экономикалық негіздемені орындамауы, сондай-ақ Клиенттің Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін орындауына әсер ететін немесе ықпал етуге қабілетті қызметін, кіріс көзін ауыстыруы;

21) Егер қамтамасыз ету шартын жасасуды оған уәкілетті тұлғалар және/немесе Клиенттің және/немесе Кепілзат берушінің/Кепілгердің/Кепіл болушының-заңды тұлғаның органдары мақұлдаса, оның ішінде уәкілетті органдардың/ұйымдардың (оның ішінде мемлекеттік)қажетті рұқсаттары алынбаса,

22) тиісті Қаржыландыру шарттарында және/немесе қамтамасыз ету шарттарында Дефолт ретінде көзделген кез келген өзге де жағдайлар және/немесе мән-жайлар.

11.2. Банк Клиентке Дефолт, Әлеуетті дефолт және/немесе Кросс-дефолт жариялаған кезде Стандартты шарттарда көзделген шараларды жүзеге асыруға, сондай-ақ Қаржыландыру шарты бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсынылған кепілдік (кепілгерлік және/немесе ақшалай нысанда орындауды көздейтін өзге де міндеттеме) бойынша талаптар қоюға құқылы.

12. Құпиялылық

12.1. Банк банктік құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуына кепілдік береді.

Банктік құпияны құрайтын мәліметтерді үшінші тұлғаларға ашу Клиенттің келісімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай ақпаратты алуға тікелей уәкілеттік берілген органдар мен тұлғалардың талап етуі бойынша, сондай-ақ Қаржыландыру шартында және/немесе Стандарттық шарттарда айқындалған жағдайларда жүзеге асырылады.

12.2. Осы бапта көзделген құпиялылық туралы ережелер мынадай жағдайларға қолданылмайды:

1) талап етуді басқаға беру және Қаржыландыру шарты бойынша борышты аудару;

- 2) Берешекті өндіріп алу, оның ішінде Клиенттің екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған шоттарына талаптар қойылған кезде;
 - 3) Клиент мәміле жасасатын үшінші тұлғаларды Қаржыландыру шартының жекелеген талаптары туралы Банкке хабарлау (Клиенттің құқық қабілеттілігі бойынша шектеулерді өзіне қабылдауына негіз болатын);
 - 4) Банктің қамтамасыз етуді ұсынған үшінші тұлғалардың жазбаша сұрау салуы бойынша Клиенттің Қаржыландыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты мәліметтерді ұсынуы;
 - 5) үшінші тұлғаларға, оның ішінде талап ету құқықтарын басқаға беру шарты бойынша талап ету құқықтарын сатып алатын тұлғаларға не берешекті өндіріп алу жөнінде қызметтер көрсететін тұлғаларға (тиісті мәліметтерді жариялау арқылы қоса алғанда), Қаржыландыру шарты талаптарының тиісінше орындалуын қамтамасыз ету, Банк алдындағы Қаржыландыру шарты бойынша Клиенттің берешегін өндіріп алу, Банктің мүдделерін соттан тыс және соттық қорғау, сот және өзге де актілерді/шешімдерді орындау мақсатында Клиенттің Қаржыландыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қамтамасыз етудің құрамы мен тәсілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Клиент туралы, Қаржыландыру шартын жасасу, Қаржыландыру шартының талаптары туралы кез келген ақпаратты ашу;
 - 6) Банктің Клиент туралы, сондай-ақ кредиттік бюроларға Қаржыландыру шарттарын жасасу және орындау туралы мәліметтерді ұсынуы және кредиттік бюроның банкке ол туралы кредиттік есеп беруі;
 - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей айқындалған жағдайларда Банктің мәліметтерді ұсынуы.
- Қаржыландыру шартын жасасу арқылы Клиент Банкке Клиенттен және(немесе) Қаржыландыру шартына байланысты алынған ақпаратты, мәліметтерді мынадай тұлғаларға беруге келісім береді:
- 1) Банктің ірі қатысушысы(қатысушылары), Банктің үлестес тұлғасы(тұлғалары) болып табылатын заңды тұлға(-лар)ға;
 - 2) Банкке консультациялық, заңдық, аудиторлық және өзге де қызметтер көрсететін тұлға(-лар)ға;
 - 3) төлемдерді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға қатысатын тұлға(-лар)ға (оның ішінде Банкке, корреспондент-банктерге, төлем карточкалары жүйелеріне және басқаларға) ;
 - 4) мүлікті, мүлікке ауыртпалықты тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші орган(-дар)ға;
 - 5) Қаржыландыру шарты бойынша берешекті өндіріп алу тапсырылатын және (немесе) жүзеге асырылатын тұлға(-лар)ға, оның ішінде коллекторлық агенттіктерге;
 - 6) егер Банк мүлікті бағалау бойынша, оның ішінде Клиенттің және (немесе) Кепілзат берушінің осы міндетті орындамауы себебі бойынша қызметтерге тапсырыс берсе, бағалаушы(-лар)ға;
 - 7) Кепілзат берушіге / Кепілгерге / Кепіл болушыға, оның ішінде егер олардан Қаржыландыру шартының талаптарын өзгертуге келісім сұралса;
 - 8) Банк Қаржыландыру шарты бойынша құқығын (талаптарын) беретін тұлға(-лар)ға;
 - 9) уәкілетті мемлекеттік органдарға, соттарға, құқық қорғау органдарына (оның ішінде анықтау және/немесе алдын ала тергеу, ұлттық және/немесе мемлекеттік қауіпсіздік органдарына) олардың сұрау салуы бойынша не Клиент Банк алдындағы міндеттемелерін бұзған жағдайда не Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын бұзған жағдайда;
 - 10) өзге тұлғаларға жария (ашық) сот талқылауын жүргізу кезінде одан Қаржыландыру шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы, оның ішінде Банктің клиентпен байланысты сот немесе өзге де талқылаудың нәтижелері туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қамтамасыз ету және(немесе) хабардар ету шарты бойынша құқықтарды іске асыруына байланысты – Клиент, Қаржыландыру шарты және(немесе) Банк пен Клиент арасында

жасалған, оның ішінде өз қолданысын тоқтатқан өзге де шарттар бойынша барлық және кез келген ақпаратты, сондай-ақ банктік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты.

13. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары.

13.1. Зіл-зала апаттардың (су тасқыны, жер сілкінісі, эпидемия), әскери жанжалдардың, әскери төңкерістердің, террористік актілердің, азаматтық толқулардың, ереуілдердің, өкімдердің, бұйрықтардың немесе Үкімет, ҚРҰБ тарапынан өзге де әкімшілік араласудың немесе Тараптардың Қаржыландыру шартына сәйкес міндеттемелерін орындауына әсер ететін қандай да бір басқа шектеулердің немесе Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс басқа жағдаяттардың тікелей немесе жанама көрінісінен туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, осы міндеттемелерді орындау мерзімдері, егер олар Қаржыландыру шартының немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғаннан кейін орындалуға жататын оның бөлігінің мерзімінде орындалуына елеулі әсер ететін болса, осы мән-жайлардың қолданылу уақытына мөлшерлес кейінге шегеріледі.

13.2. Осы бапта көзделген Қаржыландыру шартын орындауға кедергілер рұқсаттардың, лицензиялардың, келу және кету визаларының немесе елде болуға рұқсаттардың немесе мемлекеттік органдар беретін мақұлдаулардың болмауын қамтымайды.

13.3. Тараптар Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін еңсерілмес күш мән-жайларының басталғаны және аяқталғаны туралы бір-біріне дереу жазбаша хабарлауға тиіс.

13.4. Еңсерілмес күш мән-жайларына сілтеме жасайтын Тарап оларды растау үшін құзыретті мемлекеттік органның құжатын ұсынуға міндетті.

14. Өзге де шарттар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

14.1. Клиент пен Банк Қаржыландыру шартын жасасқан кезде әркім өз еркімен және өз мүддесінде әрекет еткенін, Стандартты шарттарда, Қаржыландыру шартында Банк пен Клиент өзгерткісі немесе жойғысы келетін қандай да бір талаптар жоқ екенін растайды. Клиент Қаржыландыру шартын жасасу арқылы Клиент валюталық тәуекелді қабылдайтынын растайды. Валюталық тәуекел деп шетел валютасының теңгеге қатысты бағамының өсуі немесе төмендеуі салдарынан Қаржы құралын өтеуге төлемдер сомасының өзгеру тәуекелі түсініледі, бұл әсіресе Клиент қаржы құралының валютасына сәйкес келмейтін валютада кіріс алса өзекті. Айырбас бағамының ауытқуы болжау немесе алдын алу мүмкін болмайтын тәуекел факторлары болып табылады, осыған байланысты Банк Клиенттің шетел валютасының теңгеге айырбастау бағамының өзгеруіне байланысты туындаған кез келген шығыстары немесе залалдары үшін қандай да бір жауапкершілік көтермейді.

14.2. Клиент осы арқылы екінші деңгейдегі банктердегі Клиентті қаржыландырудың жалпы сомасымен салыстырғанда, Банктегі қаржыландыру сомасына тепе-тең сомадан кем емес мөлшерде Банкте ашылған банктік шоттар бойынша ай сайынғы айналымдарды қамтамасыз ететіндігімен, Шартқа (шарттарға) Клиенттің Банкте ашылған шотының деректемелерін қамтитын қосымша келісімді ресімдейтінімен және Банкке ұсынатымен, сондай-ақ өзінің Банкте ашылған шотының деректемелерін көрсете отырып, жаңа шарттар/ келісімшарттар жасасатынымен келіседі және растайды.

14.3. Банк те, Клиент те Қаржыландыру шартын жасасумен олардың әрқайсысының осындай мәмілелер жасасуға толық және шектелмеген құқығы бар екендігіне кепілдік береді, бұл ретте Қаржыландыру шартын жасасу үшін үшінші тұлғалардың келісімі талап етілмейді.

14.4. Банк пен Клиент Қаржыландыру шартын жасасумен Банктің ақшаны (кредит қаражатын) резервтеуге және Клиентті қаржыландыру үшін лимиттің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті емес екендігі туралы келісімге келді.

14.5. Клиент Қаржыландыру шартын жасасу арқылы осы шартты жасасу сәтінде Клиенттің үшінші тұлғалармен қарым-қатынастары Стандартты шарттарды, Қаржыландыру шартын орындау үшін кедергі еместігіне кепілдік береді.

14.6. Клиент өзінің бизнесіне, активтеріне, қаржылық жай-күйіне және Қаржыландыру шарты бойынша өз міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндігіне елеулі залал келтіруі мүмкін мән-жайлардың жоқтығына кепілдік береді.

14.7. Клиент өзіне қаржы құралдарын беру үшін Қаржыландыру шартын жасаса отырып, Банктің ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруіне және кредиттік бюроның болашақта келіп түсетін деректерін қоса алғанда, ол туралы кредиттік есепті Банкке беруіне Қаржыландыру шартының қолданылу мерзімі ішінде қолданыста болатын келісім береді.

14.8. Клиент Қаржыландыру шартын жасаса отырып, Қаржыландыру шартын және/немесе Банкпен өзге де мәмілелерді жасасу мақсатында және орындау аясында, оның ішінде клиенттің олар бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауы, сондай-ақ Банк, Клиент және (немесе) кез келген үшінші тұлғалар арасында Банктік және өзге де қызметтерді көрсетумен байланысты, оның ішінде оларды көрсету алдында және оларды көрсету процесінде кез келген іс-әрекеттер/мәмілелер (бағалау және (немесе) сақтандыру бойынша (егер көзделсе) және т. б.)); хабардар етуді, талапты, сондай-ақ Банк қызметі туралы ақпаратты; кез келген мәліметтер мен ақпаратты сұрауды және алуды; талап ету құқықтарын басқаға беруді; сондай-ақ Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату қажеттілігі туындайтын/болатын өзге де жағдайларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Клиент және/немесе Банк жағдайлармен немесе қарым-қатынастармен, кез келген қарым-қатынаспен байланысты Қаржыландыру шартын және/немесе Банкпен өзге де мәмілелерді, оның ішінде Клиенттің олар бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауын жасасу мақсатында және орындау аясында, сондай-ақ пайда болуына немесе туындау мүмкіндігіне байланысты Клиенттің/оның өкілінің дербес деректерін (бұдан әрі-Ақпарат) қоса алғанда Банкке Клиент/оның өкілі туралы кез келген ақпаратты Банктің барлық көздерден жинауына және Банктің кез келген өңдеуіне өзінің сөзсіз келісімін береді.

Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату банктің қалауы бойынша ҚР заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілдермен жүзеге асырылады.

14.9. Клиент Қаржыландыру шартын жасасумен Банктің мыналарға құқылы екендігіне сөзсіз келіседі:

- 1) Банк заңнама талаптарына, жасалған шарттарға сәйкес және өзге де жағдайларда осындай әрекеттерді жасауға міндетті немесе құқылы болған кезде ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органдарға және кез келген өзге тұлғаларға беруге;
- 2) Ақпаратты трансшекаралық беруді жүзеге асыруға;
- 3) Ақпаратты таратуға;
- 4) Ақпаратқа қол жеткізу шарттарын дербес айқындауға;
- 5) Банкпен құқықтық қатынастар тоқтатылғаннан кейін ақпаратты сақтау мерзімі ішінде кез келген тасымалдағышта сақтауға.

Банк ақпаратты жинау және өңдеу бойынша Банк жасайтын іс-әрекеттер туралы, оның ішінде оны кез келген үшінші тұлғаларға беру туралы кімге болса да хабарлауға міндетті емес.

Клиент 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банктің ақпаратқа өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізуі үшін Банкке тиісті растайтын құжаттарды ұсына отырып, Банкке жаңа ақпарат, ол Банкке берген ақпараттың кез келген өзгерістері және/немесе толықтырулары туралы жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

14.10. Клиенттің Қаржыландыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлға(-лар)ға беруіне Банктің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

Банктің өз құқықтары мен міндеттерін беруіне, сондай-ақ оларға Қаржыландыру шарты бойынша барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты үшінші тұлға(-лар)ға беруіне Клиенттің келісімі талап етілмейді.

14.11. Егер Банк Клиентке Қаржыландыру шартының талаптарына байланысты немесе қатысты хат-хабар (хабарламаларды, талаптарды, хаттарды және т. б. қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) жіберіп, ол мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілген болып есептеледі: Қаржыландыру шартының деректемелерінде көрсетілген не Клиент оны жасасқаннан кейін Банкке хабарлаған орналасқан/тұрғылықты мекенжайы бойынша, табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын, кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлға клиенттің кәметке толған отбасы мүшелерінің бірі алған, Қаржыландыру шартында

көрсетілген электрондық пошта мекенжайына, сондай-ақ Клиенттің хабарлама алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып. Хат-хабар адресатқа, алушыға оны тапсырудың мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ осы тармақта көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылдануының расталмауына байланысты қайтарылған жағдайда, хат-хабар тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.

14.12. Қаржыландыру шартын жасасумен Клиент Стандартты шарттардың 14.11-тармағында көзделген тәсілдермен Банктің мыналар туралы хабарлауына келісім береді:

- 1) Қаржыландыру шарты бойынша, оның ішінде берешекті өтеу бойынша мерзімін кешіктіру нәтижесінде Клиентте бар берешек туралы;
- 2) Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелердің басқа да бұзушылықтар туралы;
- 3) Қаржыландыру шартына қатысты шарттар, талаптар және т.б.

14.13. Тараптар осы арқылы Берешектің бар/жоқ екендігі туралы анықтамада көрсетілген ақпарат Клиенттің Банк алдында берешегінің бар немесе жоқ екендігінің жеткілікті дәлелі болып табылатынымен келіседі және растайды..

14.14. Клиент пен Банктің деректемелеріне қатысты өзгерістерді және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қаржыландыру шартында және/немесе Стандартты шарттарда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қаржыландыру шартына барлық өзгерістер мен толықтыруларды Банктің және Клиенттің уәкілетті өкілдері жасайды.

14.15. Осы стандартты шарттарға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген жағдайда, оның ішінде Стандартты шарттарды жаңа редакцияда бекіту арқылы Банк міндетті түрде Клиентті 5 (бес) жұмыс күні ішінде Стандартты шарттардың өзгерістері және/немесе толықтыруларын жаңа редакцияда www.jusan.kz ресми интернет ресурсында орналастыру және Стандартты шарттардың 14.11.тармағында көрсетілген әдістердің бірімен хабарлама жіберу жолымен хабарлайды.

Көрсетілген өзгерістермен / толықтырулармен келіспеген жағдайда Клиент хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы Банкке мәлімдеуі тиіс.

Клиенттің Банкке стандартты шарттарға өзгерістерді және/немесе толықтыруларды көрсетілген мерзімде қабылдамау туралы өтініш бермеуі Клиенттің Стандартты шарттардың жаңа редакциясымен келісетінін және хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні өткен күннен кейінгі күннен бастап қолданысқа енгізілген деп саналатын өзгерістермен / толықтырулармен тұтастай оған қосылатынын білдіреді.

14.16. Қаржыландыру шартын жасасу арқылы Клиент қарыз берген кезде Қаржыландыру шартының талаптарын жақсарту деп Клиент үшін төмендегілер түсінілетініне өзінің сөзсіз келісімін білдіреді:

- қарызға қызмет көрсетуге байланысты қызметтер көрсеткені үшін комиссиялар мен өзге де төлемдерді азайту жағына қарай өзгерту немесе толық жою, жеңілдіктер беру;
- тұрақсыздық төлемін (айыппұлды, өсімақыны) азайту жағына қарай өзгерту немесе толық жою;
- Қаржыландыру шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгерту;
- Қаржыландыру шарты бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және/немесе бөліп төлеу, жеңілдікті кезең беру, қарыз мерзімін тиісінше ұлғайта отырып, Қаржыландыру шарты бойынша төлемдерді азайту жағына қарай өзгерту;
- Қаржыландыру шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін белгілі бір мерзімге төмендету деп түсінілетін сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай уақытша өзгерту, ол аяқталғаннан кейін сыйақы мөлшерлемесі уақытша өзгергенге дейін қолданыста болған сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерінен аспайтын мөлшерде белгіленеді;
- Лимитті ұлғайту, БКК бойынша жаңартылуды белгілеу, Жаңа лимит ұсыну, Қаржыландырудың, оның ішінде берешекті қайта қаржыландыру кезінде жаңа желісін ашу;
- Клиенттің мүдделеріне сәйкес берешекті өтеу кезектілігін, мерзімінен бұрын өтеу тәртібін өзгерту;
- Клиент үшін өзге де жақсарту жағдайларын ұсыну.

Қаржыландыру шартында Клиент үшін жақсартатын талаптардың қосымша тізбесі белгіленуі мүмкін.

Қарыз беру кезінде Банк Стандартты шарттардың 14.11-тармағында көзделген тәсілдермен Клиент үшін жақсарту жағына қарай Қаржыландыру шарты талаптарының өзгергені туралы Клиентті хабардар етеді.

Егер хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Клиент Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тартуды ұсынбаған жағдайда, Клиент үшін жақсарту жағына қарай Қаржыландыру шарты талаптарының өзгеруі Клиент хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн өткеннен кейінгі келесі күні біржақты тәртіппен күшіне енеді.

14.17. Қаржыландыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары:

1) қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға ақшаны немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді;

2) Қаржыландыру шартының мақсаттары үшін қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында пара беру / алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.18. Тараптардың әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін / өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақша, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және осы тармақта көрсетілмеген, қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасынақандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.19. Қызметкердің ынталандырушы тараптың пайдасына жүзеге асырылатын әрекеттері деп мыналар түсініледі:

1) басқа контрагенттермен салыстырғанда негізсіз артықшылықтар беру;

2) қандай да бір кепілдіктер беру;

3) қолданыстағы процедураларды жеделдету;

4) қызметкер өзінің лауазымдық міндеттері шеңберінде орындайтын, бірақ тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастардың айқындығы мен ашықтығы қағидаттарына қайшы келетін өзге де әрекеттер.

14.20. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап 5 (бес) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді. Жазбаша хабарламадан кейін тиісті Тарап бұзушылықтардың болмағаны немесе болмайтыны туралы растауды алғанға дейін Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелердің орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Бұл растау жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс.

ⁱБекіткен:

- «Jusan Bank» АҚ Басқармасы «01» шілде 2022ж. № 82-22 хаттама
- «Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесі «28» шілде 2022ж. № 28/07/22-01 шешім/хаттама